

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады



Жас өркен Қостанай



1 (98) қаңтар-ақпан 2019 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Алма ДОЩАНОВА

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Гүлнұр Кәкімбек
менеджер-дизайнер
Әйгерім Шаяхметова

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

ҚМУ-де ЖАҢА РЕКТОР!



2019 жылды А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тың өзгерістермен бастады. Оның басты әрі маңыздысы университет басшысының тағайындалуы.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асылова Хусайн Хасенұлы Валиевті ректорлық қызмет атқарған жылдарындағы жасаған жеңісті әрі нәтижелі ісіне алғыс айта отырып, жаңа ректор экономика ғылымдарының кандидаты, облыстық мәслихат депутаты Алма Дошановаға сәттілік тіледі.

Алма Іргебайқызына бұл оқу ордасының тізгінен ұстау тың жұмыс емес, себебі, университетіміздің түлегі, экономика және қаржы факультетінің деканы, экономика зерттеу орталығының директоры секілді маңызды жұмыстарды атқарған.

Қызмет ұзағынан болсын!



ЖАСТАР ЖЫЛЫ

Жастар жылы ресми түрде басталды. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы қазан айындағы Қазақстан халқына Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынған болатын. Президент өз сөзінде жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керектігін айтқан еді.

Арада бір айдан астам уақыт өткенде Елбасы Жарлығымен 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды. Астанада ұйымдастырылған «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты салтанатты шараға Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, жас мамандар мен отбасыларды қолдауға қатысты бірқатар тапсырмаларды жүктеді. Президент форум барысында өзекті мәселелер көтерілгенін айта келе: «Барлық ұсынылған идеялар жастар мен отбасын дамыту саласындағы арнайы Жол картасында көрініс табуы тиіс. Екі жылдан кейін Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеміз. Бұл дата жастардың патриоттық тәрбиесі үшін аса маңызды. Осыған байланысты Үкіметке еліміз үшін маңызды мерейтойға дайындық пен оны атап өту шаралары бойынша бағдарлама әзірлеуді тапсырамын», - деді.



Егеменді еліміздің ерпеңі

«Сендер, Тәуелсіз қазақ елінің білімді жастары, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіндер, елдік пен Тәуелсіздіктің Киелі көк Туын ХХІ ғасырда асқақтата желбірететін – жастар, сендер боласындар!

Н.Ә.Назарбаев

Еліміз қарыштап дамып келеді. Әлемдік деңгейде болу үшін әлі күнге дейін тер төгіп еңбектеніп келеміз. Бүгінгі бейбіт күнде қаншама қазақ жастары бәсекеге лайық түрлі идеяларымен Қазақстанның дамуына өз үлестерін қосып келеді. Келешекте елдің тізгінін ұстап, бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыруда негізгі күш жастармыздың жемісті еңбегінде екені сөзсіз. Әрбір ел үшін жасалған іс мемлекетіміздің болашағы. Себебі бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын білікті маман, аға буынның ізін жалғастырар ізбасар. Әрбір білімді, білікті иманы бар, салауатты өмір салтын ұстанушы жас – елдің ертеңі. Бабаларымыз, атақты әдебиет тарландарының өзі жастардың қайраты мен күшіне, білімі мен бойларындағы жалынға сені білді. Тәуелсіз Қазақстан құруды армандап кеткен асыл ақындарымыздың бірі М.Жұмабаев жастарға арнаған өлеңінде:

Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін! - деп кейінгі толқын жастардың қайраты мен алғырлығына сеніп кетті. Осындай сенімнен кейін біздің қырандай қанатты, арыстандай айбатты болмауға қақымыз жоқ!

Тәуелсіздіктің жолында талай қан төгілді, талай тер төгілді. Енді біздің қазақ елі Мәңгілік елге айналды. Барлық асыл армандарды Елбасымыз бір арнаға тоғыстырып Ұлы Мәңгілік Ел құрды.

Мәңгілік Елдің жастары табанды, білімді, ой-өрісі кең, иманды, салт-дәстүрді берік ұстаған, ең бастысы жігерлі болуы керек. Тәуелсіз мемлекетімізде жастарды білім мен тәрбие тұрғысынан жетілдіруге және әлеуметтік тұрғыдан қолдау туралы жағдайлар қарастырылған. «Біліксіз қалар жырақта, білімді жетер мұратқа» дегендей, қазіргі жаһандану заманында білікке емес, білімге сенетін заман. Елдің жарқын болашағы жастарымыздың еңбекқорлығы мен мақсатына, арман тілегіне байланысты. Қазақ жастары тек жанашылдыққа ғана бет бұрмай, ата-баларымыздан келе жатқан қазақы салт-дәстүрімізді жаңғыртуы тиіс. Себебі өткенімізді дер кезінде дәріптей алмай елдің бұлыңғыр болашағына алып келеді. Бұл жөнінен бізге алдыңғы қатарлы мемлекеттердің

даму стратегиялары үлгі болуға тиіс. Елбасымыз бұл жөнінде өзінің жастарға арнаған өнегелі 1000 сөзінде: «Қараңыздар, Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея, Сингапур, Малайзия сияқты елдер өздерінің идеялары мен технологияларын шебер орындауының, өздерінің тиянақтылығы мен еңбегінің арқасында табыстарға жетіп отыр» - деген болатын.

Біздің еліміз енді-енді дамып келе жатқан жас мемлекет. Қазақстанның жетер жетістіктері мен алар асулары әлі алда. Кез келген ел өз келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әрбір ұрпақтың өз заманы, кезең тынысы болады. ХХІ ғасыр ұрпағы болу бізге бұйырған бақыт болар. Еліміз дамудың алдыңғы кезеңдерінде, демек мемлекетіміз әлі талай жаңартулар күтіп тұр. Мәңгілік еліміздің көшбасшысы да, ұлтымыздың қамын ойлар азаматтар да, ел дамуындағы негізгі рөлді сомдаушылар да – қазақ жастары.

«Бүгінде әр қазақстандық өзді-өзінен елімізге жақсы болып, біздің Отанымыздың дәулеті артуы үшін мен не істедім деп сұрауы керек. Егер әр азамат осылай пайымдайтын болса, бүкіл еліміз өзінің дамуына қарқын қосарына менің сенімім мол» - деген Елбасымыздың тұжырымынан көп нәрсе аңғаруға болады. Ертең-ақ мамандық иесі атанып, ел үшін қызмет етеміз. Сол кезеңде тек жалақы алу үшін еңбектенбей, әр күнімізді халыққа арнауымыз керек! Қазір жастарға өз мақсатын жүзеге асыру үшін барлық мүмкіндіктер жеткілікті! Тек білім мен ізденіс керек. Өз мақсатына жету жолында табандылық пен қайрат керек! «Ғылымды үйренбекке талап қылушылар, ең әуелі, ғылымды шын көңілімен сүйі керек. Оның көңілінің ғылымға деген бұл мейірімі - шешенің балаға деген мейірімі секілді болсын» – деген ұлы Абай сөзі мен «Терең білім – Тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген Елбасы сөздерін жүзеге асырайық!

Қазақ жастары! Алашым деп жанын құрбан еткен Алаш арыстары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов сияқты қазақ мемлекетін құрғысы келген ұлт зиялыларының, еліміздің бүгінгі тәуелсіздігі үшін қаралы желтоқсанда қасқалдақтай қанын төккен Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбиралардың рухы үшін бүгінгі Тәуелсіздігімізді қадірлейік, қастер тұтайық! Еліміз үшін бар білімімізді жұмсайық! Еліміз үшін тер төгейік! Қазақ жастары!

**Ақерке
ЖАНМҰРАТ,
Журналистика
мамандығының 1 кур студенті**



«QMY CUP»



2019 жылдың 25-27 қаңтар күндері А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Мемлекеттік университетінде дәстүрлі ректор кубогіне арналған Республикалық «QMY CUP XIII» пікір-сайыс турнирі өткізілді. Негізгі мақсаты: Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасында айтылғандай 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу – қазақ елінің ілгері жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, еліміздің жан-жақты дамуына, жемісі мен жеңісін студенттерге дәріптеу және 2019 жылдың "Жастар жылы" болып бекітілуіне байланысты жастарды қолдау және олардың патриоттық сезімдерін арттыру.

Жалпы, «Ахмет Ұрпақтары» пікір-сайыс клубы 2007 жылы құрылған болатын. Міне сол жылдардан бері аталмыш клуб белсенді түрде өз жұмысын атқарып келеді. 11 жылдық тарихы бар клубтан ең үздік деген пікір-сайысшылар түлеп ұшты. Дәстүрлі «QMY CUP» турнирі биыл 13 рет өткізілді. Биылғы жылғы турнирдің бас төрешісі – Ерлан Жансүгір, бас ұйымдастырушысы – Назерке Дүкенбай және бас вайзері – Аякөз Қожабекова.

Турнирге Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды, Павлодар, Орал, Ақтөбе қалаларынан өтініштер қабылданып, 24 фракция 48 спикер қатысты. Қалалық, облыстық және республикалық турнир жеңімпаздары

төрешілік еткен турнир жоғары деңгейде өтті.

Республикалық турнирдің салтанатты ашылу 25 қаңтар күні Қостанай мемлекеттік университетінің бас ғимаратының АКТ залында өтті. Салтанатты ашылуда А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Мемлекеттік университетінің жастарды қолдау орталығының басшысы Орынбай Тахирұлы сөз сөйлеп, киелі білім ордасының тарихына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тілей отырып жалындаған жастарды «Жастар жылымен» құттықтады. Турнир қатысушылары облыстық тарихи өлкетану мұражайын аралап, өңіріміздің тарихымен танысты. Пікір-сайысшы жастар арнайы топқа бөлініп, спорттық сайыста мықтылықтарын дәлелдеді. Атап айтсақ, әр аймақтың студенттерінен құрылған «Шымкент» тобы 1 орын, «Ахмет Ұрпақтары» тобы 2 орын, «Челси» тобы 3 орынды иеленді. Республикалық турнирдің алғашқы күні мәдени іс-шаралармен басталды.

Турнирдің екінші күні төрешілік брифингімен ашылды. Брифингте пікір-сайысшылар турнирдің ережелерімен танысты. Британдық парламенттік формат (БПФ) бойынша 4 іріктеу ойындары және 1/4 Линкольн-Дуглас (ЛД) форматы бойынша ойын өтті. Пікір-сайысшылар үшін «Жастар» кафесінде дәмді кешкі ас пен қызыққа толы күнді қорытындылау концерті өткізілді.

ХІІІ» турнирі



Қызу тартысқа толы финалдық ойындар күнінде «АІФ» және «ІД» форматтары бойынша 1/4, 1/2 және финалдық ойындар өткізілді. Пікір-сайысқа енді ғана қадам басқан жас буындар үшін «Жастар финалы» ұйымдастырылды.

Республикалық турнирдің қорытындысы бойынша талантымен ерекшеленіп, жоғары нәтиже көрсеткен Ақтөбе және Алматы қаласы ойыншылары «Бізге Құдай ғана төреші» тобы Нұркен Жөкен мен Әбдіғалым Айгерімге жүлделі І орын табысталады, ІІ дәрежелі дипломмен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттерінен құралған «Скаймаг пен Ланая» тобы Пашен Жанбота мен Рахим Шахзадаев марапатталды. ІІІ дәрежелі дипломмен Орал және Астана қаласының дебат шеберлері Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің және Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің студенттерінен құралған «Қостанайда таныстық» тобы Азамат Махамбет пен Арман Нұрлан марапатталды. «Жастар финалының» жеңімпаздары «Тереңдем ал» тобы. Турнирдің «Үздік спикер» номи-

нациясына Астана қаласының өнерпазы Пашен Жанбота, «Үздік төреші» номинациясына Асан Назира лайық деп танылды.

Турнир барысында «Дебат бір күндік емес...» атты бейнеролик сайысы да өткізілді. Бұл сайыс бойынша Шымкент қаласының пікір-сайысшысы Рахат Арғынбай ең үздік деп танылып, қаржылай жүлделі сыйлыққа ие болды. Турнирде «Қайырымдылық жасап жарысайық» акциясы ұйымдастырылды. Қайырымдылықтан жиналған қаражат көмекке мұқтаж балаларға жұмсалды. Осындай Республикалық дәрежедегі турнирдің өткізілуіне атсалысқаны үшін «Бургир Кинг», «Технодом» арена және университет ұжымына «Ахмет Ұрпақтары» клубы өз алғыстарын білдіреді! Жастардың дамуы үшін өткізілетін турнирлер болашақта да өз жалғасын табары сөзсіз.

«Жастар жылында» өскелең ұрпақтың дамуы үшін өз үлесімізді қосайық. Себебі, болашақ – жастардың қолында!

«Ахмет ұрпақтары» пікір-сайыс клубы

(басы 2018 жылдың
№5 санында)

Қыпшақ даласына ат қойып келген қалмақтардың үлкен тобы Жабағы батырдың ауылының дәл іргесінде ажал табады. Жасанып келген жауға қарсы қайрат қылып, қойдай қырса да, бұл шақта шау тартып қалған батырдың астындағы атына оқ тиіп мертігіп, аттан құлап түскен батыр жаяу соғысып, қылыштасып жүргенде ту сыртынан атылған оқтан жаралы болады. Жарадан сау қалмасын білген қолбасшы соғыс біткен соң жұртын жиып: «атаңа нәлет қалмақтың өліктерін сасытпай, үлкен шұңқыр қазып, бәрін бір жерге көміндер, ал күні ертең мен ол дүниелік болып кетсем, сол шұңқырдың үстіне оба үйіп, төбеге өзімді жерлендер, ата жауымыз тіріліп кетіп жүрмесін, үстерінен басып жатайын» – десе керек. Батыр бабаларының өсиетін ұрпақтары бұл жытпай орындаған.

Жазықтағы жалғыз төбенің қолдан үйілгеніне күмән келтіру қиын. Батыр зираты шынында да қарауыл төбеге ұқсайды. Жабағыбатыр елдің шетінде, желдің өтінде жастыққа жантайып жатқандай. Жастығын алып өлген ерде арман бар ма?! «Жайнаған туың жығылмай, жақсы өліпсің, япырмай!» – деген Абай сөзі осындайда еріксіз ойға оралады.

Бажайлап қараған адамға, жалғыз төбе Жабағы батырдың мысындай, сұғанақ көзін қадаған дұшпанға алыстан көрсетіп жатқан сұсындай.

Жабағы жорықта жалғыз жүрген жоқ, жауға жалғыз шапқан жоқ, дұшпанын жалғыз атқан жоқ. Жанында сенімді серіктері, сайдың тасындай сарбаздары, найзасын жауға тіреген, садағын кезеп шіренгенде аттарын тізерлеткен жаяу жүрек батырлар болды. Солардың бірі Жаманқара батыр. Ол да



Қарабалық – шаңырақ иесі, ел киесі

қайтыс болар алдында: «Жабағы батырға жақындап барып жатайың, тірлікте дәмді бірге татып едік, жауды бірге шауып едік» – деген тілек айтқан.

Көнеден қалған екі бірдей жәдігер Түгел батыр мен Жабағы батырдың ұрпағы Рақымберген ақсақалдың үйінде сақтаулы. Жақында көненің көзі болған Рақымберген ақсақал да фәниден бақиға озды. Өтеміс Қалабаев пен Асылбек Тәшбаев ақсақалдар жазып қалдырған шежіреге және Рақымберген ақсақалдың деректеріне сүйенсек, Жабағы батырдың баласы Бердалыдан Кенжебай туған. Рақымберген Кенжебайдың баласы. Жабағы батырдың туы және өзі ұстаған кісесі осы шаңырақта. Түгел батырдың туы үш бұрышты болса, Жабағы батыр туы төрт бұрышты. Шетіне оюлап өрнектер салынған. Тудың ортасында да өрнектер бар. Ал

теріден жасалған кісенің ортасына көз қойылған. Басында ол арада асыл тас болған деп жобалаймыз. Бірақ, кейін тасы жоғалып, орнына басқа бір зат салынған тәрізді. Біздің ойымызша, бұл қастерлі бұйымдар облыстық тарихи-өлкетану мұражайына табысталуы керек.

Абылайды хан көтерген ормандай көп Орта жүз, соның ішінде Бұқар жыраудың сөзіне жүгінсек: қара керей Қабанбай, қанжығалы Бөгембай, қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек болғаны белгілі. Хан сарбаздарын басқарған қыпшақ сардарлары да аз болмаған. Бірақ, жоғарыда аттары аталған батырлардың ұрпақтарында олардың ұстаған туы қалмаған. Ал кейінгі

ұрпаққа мақтаныш етіп көрсетер осындай қасиетті мұраны ғасырлар бойы жоғалтпай, сандыққа салып, сары алтындай сақтап келген Түгел мен Жабағы батыр ұрпақтарына Жаратқан жар болсын дейміз!

Шежіреге сүйенсек, қарабалық қыпшақтан тарайтын Танабұғаның екінші бала-сы Қошалақтан Таксопы, одан Жолжақсы, ал Жолжақсыдан Жантілес туады. Жантілес найза мен қылыш соғатын әйгілі ұста болған. Ұста аталатын ру осы Жантілестен тарайды. Күні бүгінге дейін атадан балаға мирас болып келе жатқан оның төсі мен балғасын Қарабалық өңірін мекен қылған Құрмаш деген кісіден тараған үрім-бұтағы үйінде көздің қарашығындай сақтап отыр. Аталған рудың Жантілес аты айтылмай, ұста атанып кеткен.

Шежіре бойынша, Жантілес Жаманқараның бесінші атасы, яғни, түп атасы. Тектіден текті туады деген де рас. Жаманқараның Қарпық, Қараман, Қарман, Тағылшы және Тағылы деген балалары болған.

Орыс құжаттарында 56 жастағы Қарпық Жаманқарин туралы мынандай деректер келтірілген: «Лицом моложе, слишком полный, росту среднего, волосы черные, сын простого киргиза. Кипчакского рода, карабалыцкого отделения... Место кочевания: летнее – в разных местах степи за Новой линией, зимнее – в верстах в 8 от Велико-Петровской станицы. Семейство: шесть жен, два сына и две дочери. Состояние: лошадей около 1000 и очень большие деньги, а также ведет торговлю с Бухарией».

Қоңырөзек, Жалқарағай, Құла айғыр, Сарқамыс секілді түгін тартса майы шығатын шұрайлы қоңыстарды мекен қылған Жаманқара балаларының ата қонысын жоқтауы ешкімді де бей-жай қалдыра алмайды. Ата-бабасынан мұра болып қалған жерден еріксіз көшкен есіл ерлер туралы Сүйірқұл молда «Қара дәптерінде» қара көзден жас шығара отырып жырлаған: Қарман байдың қонысы Қоңырөзек деген жер екен. Жаманқара ұрпағының ата қонысын жоқтауында сол қиын-қыстау кезең айқын бейнеленген:

Қонысы Қарман байдың
Қоңыр
Табиғат көрік беріп қойған
безеп.

Мұраға аталардан қалған
жерден

Амалсыз ауатұғын келді
кезек.

Сыйлады ерді елдің көрі-
жасы,

Болған соң аса биік
дәрежасы.

Үйіне қонақ келсе
қайырмаған,

Жалпыға бірдей түсіп
ықыласы.

Бұл кезде байқасаңыз елді
аралап,

Қасқырдай бірін бірі жүр
жағалап. Құт кетіп, дұға көшіп
Сарыарқадан,

Баратын жер қалмады бас
пана

Біздерге кез болып тұр шұнақ
Залалы салтымызға тиді

жаман.

Берілмей көпірлердің
ықпалына,

Сақтайықғұрпымызды
жүргенде Көрінді

басқыншылар көзімізге,
Салмайды орыс құлақ

сөзімізге.

Ежелгі жерімізді тартып
алып,

Бұйыртпай қойды оны да
өзімізге.

Қайнады қарашекпен арадай
нақ,

Қайғылы көкірекке түсірді
дақ.

Қоштастық ата-баба зираты-
мен,

Зар жылап, кездескен соң
осындай

Жаманқара балаларының
жоқта-

уы тарихтың шындығын айту-
ымен құнды, айтушыны ақын

деп танымасақ та, мысалға
келтірілген шумақтардың өзінен
шешендік, айтқыштық дәстүрді
байқаймыз.

«Қазағым, таянды ғой қылта
мойын,

Жер, мал кетіп, бос қалды
біздің қойын» – деп Мағжан
ақын жырлаған, халықты қапа
қылған зар заман қазақты қысқы
қыстауынан, жазғы жайлауынан
айырғаны тарихи шындық.

Қоңырөзек, Жалқарағай,
қалдын нағып,

Зорлық күш сені бізден алды
қағып. Мың-мыңдап жылқы
жайған құнарлы жер,

Қайтарып алар заң жоқ мұнды
шағып.

Бір тұнық су ішпедік ала жаз-
дай,

Тұра алар босқын халыққалай
азбай?!

Кір жуып, кіндік кескен жерден
кетіп,

А д а с қ а н ү й і р і н е н
болдыққаздай.

Ат міндік жал-құйрығын
сыландатып,

Аң аулап, сері болдық күн-түн
қатып.

Зорлықпен сол дәуреннен
айырылғандық

Күйзелтті жанымызды қатты
батып.

Төгімнің орманы еді тұрған
жайнап,

Ағаштың бұтағында бұлбұл
сайрап.

Ежелден қазақ
халқы иеленген,

Отар боп мұжықтарға қалды-
ау аймақ.

Көл, өзен көбіктеніп, қайнап-
тасып,

Толқыны төсін артып, жардан
асып,

Зәмзәмдай күміс сулы
бұлақтар да,

Келімсек көк көздерге болды
нәсіп.

Сарқамыс айдынында жатқан
шалқып,

Мындаған аққу-қаздар жүзген
қалқып.

Жауыздар атқан оқтан көбі
жайрап,

Қаңқылдап тірілері кетті
қаңғып.

Жаз жайлап, қыс қыстаған
Мырзакелді,

Сирек ед ол маңайда оған
тең-ді.

Құлаайғыр, Жалқарағай
бұйраттардай

Босқынға кім береді ондай
жерді?!

Атақты Жамекенің бес баласы,
Ақылды, терең ойлы, мол

санасы,
Қуылып туған жерден

ауғандықтан,
Кек қайнап, қан боп ақты

көзден жасы.
Қарпық бай үлкен ұлы

Жамекенің,
Өзіне нәсілдері артқан сенім,

Ызасы түкбеттілер өтсе-дағы,
Қарулы ала алмады күштен

кегің.
Тежеді дәулетін де қанат

жайған,
Айырылып бітік шөпті қыр

мен сайдан.
Мыңғырған төрт түлігі

арықтады,
Оларға жайылымды алар

қайдан?!

Көпке мәлім Тағылшы ердің
аты,

Өжет және ұнамды парасаты.
Әркімнің көңіліне қайғы салды,

Жайылып кетіп оның жазған
хаты.

Сол еді бүкіл елге болған
қорған,

Кәпірге отарлаушы қарсы
тұрған.

«Батыр өлімі маржадан» деген
сөз бар,

Сабаз ер жау қолынан болды
құрбан.

Кенжесі Жамекенің Тағылы
бай,

Мал-мүлкі тұрмысына болды
оның сай.

Үйіне қонақ келсе құрмет етіп,
Соятын тоқты орнынасемірткен тай.

Бір кезгі Жантілестің жігіттері,
Өрбіткен Жанқараның түліктері,

Ұйымшыл, ынтымақты
атанғандар

Тозғындап, бас сауғалап, бүліп
берді.

Заманның ұшырадық
тарлығына,

Қазақтың тиді соққы
барлығына.

Қарсылас саққырылып
қалатын боп,

Мейірімсіз көндік патша
жарлығына.

Өтеміс Қалабаевтың
шежіресіне сүйенсек, Қарпық
байдың Құрманкүл, Омар, Ахмет,
Бекмұхамбет, Дүйсенбай және
Уәші деген балалары болған.
Бекмұхамбеттен Мірсалық,
Әбубәкір, Садық, Жорабек,
Әбдібек, Сыздық және Хакім
тарайды.

Бекмұхамбет болыстың
бәйбішесі – Наурызбай
бидің қызы. Бұл туралы орыс
құжаттарында мынандай де-
ректер бар: «Имеет двух жен.
Первая – дочь зауряд-сотника
Наурызбая Казыбаева Мура и
вторая – дочь киргиза Коскада-
ма Тутаява Айтока. От первой
имеет сыновей Мир-Салиха,
Садика, Абубакира и Хакима и
дочь Айхану, от второй – сыновей
Журабека и Абдибека, дочь Ай-
каны». Әбдібектің баласы Сейіт
Қостанай облыстық газетінің
бас редакторы болып қызмет
атқарды, елге қайраткерлігімен
танылды.

Торғай облысы әскери
губернаторының штаттан тыс кіші
шенеунігі болып қызмет атқарған
Бекмұхамбет Қарпықов патша
үкіметі тарапынан үш алтын,
төрт күміс медаль, алтын сағат
секілді сый-құрметке ие болған.
Шұбар болысының болыстығы
қызметіне 1869 жылы кіріскен.
Сонымен бірге оқу орындары мен
кітапханаларға қайырымдылық
көмек көрсеткен. 1880 жылы
соғыста жараланғандарға
жасаған көмегі үшін Қызыл крест
белгісімен марапатталған. Ресей
жерінде аштықтан азап шеккен
шаруаларға мал жинау үшін ат
салысқан. 1899 жылы ол Қостанай

уезі бойынша құрметті мировой
судья болып тағайындалады.
1902 жылы денсаулығына бай-
ланысты өз еркімен отставкаға
шығады.

Осы кісінің ұрпағы, мем-
лекет және қоғам қайраткері
Шөңгерей Жәнібековтың ай-
туына қарағанда, Қарпық
Жаманқаринның ауылы
Жауқашты деп аталған көлдің
маңайында орналасқан екен.
Ол Түйемойнактан (қазіргі Де-
нисов ауданы орталығы) 25
шақырымдай жерде. Жергілікті
тұрғындар оны Қарпық ауылы
деп атап кеткен.

Атыннан айналайын,
Қарабалық,

Атағың шығып еді дараланып.

Жырына Қайнекейдің арқау
болған,

Майданнан кайтқан солдат
жараланып.

Көгінде жұлдыз болып жана
алатын,

Төсінде жырын төккен Серәлі
ақын.

Өске ақын, би Наурызбай,
Сүйірқұлдар

Тигізген дүйім жұртқа шара-
патын.

Тағдырдың татса-дағы
кермегінен,

Серәлин түлеп ұшты
Өрнегімен,

Көк шалғын, қалың ағаш,
қызыл гүлін,

Секілді жайып қойған төрге
кілем.

Көлдерің жарқыраса айна-
дайын,

Көңілге келіп кірсін қайдан
уайым.

Елубай, Серке, Қапан қатар
шыққан,

Киелі топырағыңнан айна-
лайын!

Бүгінде қара
қыпшақ Қобыланды,

Әруйден кітап болып жолығар-
ды.

Тараған асыл тектен
Қарабалық, Тарихтың қак
төрінен орын алды. - деп айтуға
енді хақымыз бар.

Қарабалық ұрпақтарының
бірінің тарихы Тоғызак атауы-
на байланысты. Ел аузындағы
аңызға қарағанда, Тоғызакөзені
жағасын қоныс қылған қыпшақ
жұртының бір отбасында қазақ-
қалмақ соғысында тоғыз бірдей

ұлы ерлікпен қаза табады. Сонда
ұлдарын жоқтаған әкесі: «Әттең,
тоғыз-ақ болғанын қарашы. Кек
алатын оныншы ұл болмады-ау!»
– деп бармағын шайнаса керек.

Қажытқанда қиын сапар,
жол ұзақ, Қарсы алдыңнан жел
соққанда аңызак,

Белге ораған белбеудей боп
көлбендеп

Жолаушыны қарсы алады
Тоғызак.

Бір қыпшақтың болған
тоғыз баласы,

Жанарының ағы менен
қарасы,

Көне заман құпиясын ішіне,
Түйіп жатыр қазағымның
даласы.

Біреулерге жалғыз перзент
арман боп,

Армандары орындалмай
қалған көп.

Сол адамның тоғыз ұлы
болса да,

Бәрі кетіп, бір-ақ күндей
болған жоқ,

Қайран, казак, ұғар болсаңер
жағын,

Тоғыз ұлдың
көтерсе де салмағын,

Оныншыдан
үміт күткен өз әке,

«Тоғыз-ақ!» –
деп шайнапты ғой бармағын.

Ерлер болса
елжіреген елім дер,

Ерттеулі атпен
Тоғызакқа келіндер.

Жар кеткенде
жалғыз қалып жүрмендер,

Екі-үшеуді көп
десетін келіндер.

Тоғыз ұлы
болса-дағы бір төбе,

Ер Төстігін
көріп өткен мәртебе,

Асыл ана,
ардақты әке, абзал жар

Көп болыпты
біздің байтақөлкеде...

Қарабалықты
Қобыланды батырдан қалған
шаңырақ иесі, туып-өскен
елдің киесі деп те айтуға бола-
ды. Оның ескерткішінің туған
дала төсінде асқақтап тұруы
елдің мерейі.

Ақылбек ШАЯХМЕТ



Бәкеш АЙСИН

*1948 жылы 6 мамырда Науыр-
зым елді мекенінде өмірге келген.
Мамандығы жүргізуші. Сықақ-
өзілдерді бала күнінен жазып келеді.
«Айтарым бар», «Түтінім түзу»,
«Ұйықта, қазақ» және «Бір қап
күлкі» кітаптарының авторы.*



ЖАҚЫНДАРЫҢ КІМ?

Әжесі мен немересі,
Жаксы көріп бірін-бірі
Сөгілмеген керегесі.
Өздеріне жарасымды
Болып тұрат ерегесі.
Әжесі қойып сұрақты,
Терлетті бүгін Мұратты.
– “Ата” деген кім болады?
– Ол сенің шалын.
– Ой, кішкентай жаным!
– “Нағашы ” деген кім
болады?
– Ол сенің інін.
– Айналайын сол, Күнім!
– “Жезде” деген кім?
– Ол Жанардың байы.
– Тек, ойбай, жолдасы де!
– Жоқ, әже, байы!
– Жәрап, болса болсын.
– Ал «құдалар» деген кім?
Біле ме деп жақындарын...
Сынап отыр жас баланы
«Әже» – деді құлағына, –
Олар ылғи мас болады.

БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУ

– Бұл неткен заман?
– Орыстардан бөлініп,
Ел болып жеке кеткен
заман.
Колхоз-совхоз ыдырап,
Жекеменшік жеткен за-
ман.
– Сонда қандай келешек?
– Біздің қоғам әзірге:
Электрге де берешек,

Директрге де берешек,
Суға да берешек,
Бұға да берешек,
Көпке де берешек,
Азға да берешек,
Газға да берешек.
Көлікке де берешек,
Өлікке де берешек,
Нәлөкке де берешек...
“Білмейді” - дейді ел есеп.
– Не болар екен күніміз?
– Ұрлық-қой әзір түніміз,
Жеп қоймасақ болғаны,
Бірімізді біріміз.
1992 ж.

ҚҰТЫЛДЫМ ЗОРҒА «ӘКЕТ» ДЕП

Сатып алған нан қолда,
Енді керегі нан дорба.
Саудагерден сұрап едім,
Біздегі бары «пакет», -
деді.
Біреуін әкеп берді,
О, құдайдың күдіреті,
Жалаңаш әйелдің суреті.
Тайсалмай талтайып тұр.
Ал сатушы шалқайып
тұр:
– Он теңге - «Пакет» - деп,
Нансаң зорға құтылдым,
Айналайын, «әкет» - деп.

ҚОНАҚТАН САҚТА СҰРАЙ БЕРГЕН

Құрдасым Қиғаш,
Болмасақ та сыйлас
Бір жылдың төліміз.

Рас,
тұрмыс-тіршілігімізден,
Араласпағасын нөлміз.
Есіктің қағып қонырауын,
Ағытып тастаған омы-
рауын
Баяғы қалпы, олпы-сол-
пы,
Тани кеттім... Қиекен.
Амандық жоқ, саулық
жок
– Үйін, - деді жылы екен.
Қайырлы болсын
қонысын!
Жүз грамм әкел сол үшін.
– Танысып қой, Қиғаш,
Мынау жолдасым Биғаш.
– Қайырлы болсын,
бәйбішен!
Жүз грамм құй, тағы
ішем.
Қонаққа әйел ас пісірген.
– Құрдас-ау, - дедім,
Быттыр келін түсіргем.
– Ой, келінің, қайырлы
болсын!
Мынаны ішейін сол үшін.
– Қиеке, мен атамын,
Немереммен жатамын.
Есімі - Құдайберген.
Қонағым ақтан ішіп алып,
Езуінен сілекейі ағып,
Тұтылып былай деген:
– Қайырлы болсын,
Құ-құ – Құдай-бер-ген!

* * *

Құдайдан менің тілегім:
Қонақтан сақта сұрай
берген.



Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласына студент жастар да өз пікірлерін білдіріп, ойларымен бөлісті.



Гаухар Рустемқызы, биотехнология мамандығының студенті:

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы қазіргі заманға сай өте жеңіл жазылған. Бұл мақаланы тарихи-мәдени, өнер жағынан, жалпы гуманитарлық сала бойынша қарауға болады және осы сала бойынша біздің елдің дамуына үлкен бағдарламалық, тұжырымдамалық алғышарт болып отыр. Жоба прогресске апаратын тағы бір жол деп түсінемін. Осы тұста әр жас осы мақаланың түп-мақсатын түсініп жұмыс жасаса, еліміз өркениетті дамыған елдер қатарына қосылуға көбірек мүмкіндік алар еді.



Мейірбек Жарылгасынов, ветеринарлық медицина мамандығының студенті:

Бұл мақала біздің бай ұлттық тарихымызды зерттеуге, насихаттауға бағытталған. Тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады, рухани жаңғыру үдерістері жетілдіріле түседі. Мақаладағы басымдықтар ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз, тарихымыз, әдебиетіміз, тіл мәдениетіміз, ұлттық рухымыздың бойымызда мәңгі қалуының маңыздылығын меңзейді. Сонымен қатар қазақ ғылымының және жоғары мәдениеттің болғанын көрсетеді.



Жансая Төлендіқызы, заң факультетінің студенті:

Жастар тарихқа қызығудан қалып, шежіре ұмытылып барады. Сондықтан да Елбасының бағдарламалық мақаласы аса маңызды әрі дер кезінде жарияланып отыр. Елбасы Н.Назарбаев біздің жеріміз алманын, қызғалдақтың отаны екенін жақсы айтты. Қызғалдақ – кілем сияқты құлпырып тұрады. Қазақстанға келген бір ғалым: «Мынау ұлттың қазынасы ғой», – деп жайқалған қызғалдақтарға баға берген екен. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы тарихшыларға, қоғам өкілдеріне, бүкіл халыққа керек дүние деп білемін.



Дінмұхамбет Құсайынов, филология мамандығының студенті:

Елбасының мақаласын оқыған кезде бірден-ақ бәрін түсіндім дей алмаймын. Енді ғана егемен ел болып аяғымызға тұрып жатқаннан кейін өзіміздің тарихымызды, шыққан тегімізді әр ұрпақ білу керек деп білемін. Мақаланы оқығаннан кейін қазақтың басқа халықпен салыстырғанда басымдылығы анық көрсетілген деген ой қалдырдым. Онда ең бірінші атты қолға біз үйреткеніміз, даламызда металлургияның дамығанын, ұлы дала есімдерін ұлықтау керектігіміз жазылған. Менің ойымша, Қазақстанның әрбір азаматы осы мақаланы оқып өзіне бір қазақи түсінік қалыптастыру керек. Нағыз патриот осы мақаланы оқып бойына сіңіреді деген пікірдемін.



Динара Мұханбедья, журналистика мамандығының студенті:

Адамзат қоғамының тарихында, ұлттар қоғамының тарихында басты рөлді ұлы тұлғалар атқарады. Қазіргі тәуелсіз ел болуымыздың себепкері – ұлы тұлғалар. Ұлы тұлғалар өздерінің саяси және рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін анағұрлым толық қанағаттандыра алып, оның дамуына айтарлықтай әсер еткен, атқарған қызметі өз мемлекетінің аясынан шығып, бүкіл әлемге пайдасын тигізіп, баршаға әйгілі болған адамдар.

Батырларымыздың бойынан ұрпақтары мақтанар ұстамдылық, табандылық, өжеттілік сезіліп тұрады. Олар ерлік жасаған уақытта, өлім қауіпі төнсе де тайсалмай, рухтарын жоғары ұстаған. Бұл жерде Шығыстың қос жанары Мәншүк Маметова мен Әлия Молдағұлова туралы сөз қозғамау бұрыс болар. Біз олардың ерліктерімен мақтанып, жырға қосатын, ерліктеріне бас иіп тағызым ететін, мақатн тұтар батырлар қатарында. Ата-бабаларымыз дала бостандығын сүйе отырып, тарихың қатал кезеңдерінде салт-дәстүр мен тіл, дін, діліміздің жоғалтпай бізге сыйлады.

Молдаш Бақытжан, ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы мамандығының студенті: Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы дер кезінде жазылған дүние. Мақаладағы көне тарихымызға қатысты негізгі жобалар Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді, – деген ол осы бағыттағы жұмыстарды жетілдірудің жаңа деңгейін айқындаған бастама деп атады.



Төл тарихымызға тереңірек үңілсек



Әлемге аты әйгілі испан жазушысы Мигель де Сервантес «Тарих - біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіріміздің үлесі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы» деген. Шынымен де әрбір ұлттың бай мұрасы – тарихы екені белгілі. Сондықтан да елбасы Н.Ә.Назарбаев тарихымызды халыққа терең таныту мақсатында өткен жылы «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» атты бағдарламасының жалғасы ретінде «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялады.

Мақала екі бөлімнен тұрады. Біріншісі «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» деп аталады. Бұл бөлімде елбасы «Ұлы даланың жеті қырын» сипаттайды. Алдымен мақалада қазақ халқының жеті қазынасының бірі болған жылқыны қолға үйрету қазақ даласынан басталғаны жайында баяндалады. Ұлы даланың металлургиясы, яғни соңғы жылдары табылып жатқан тарихи мұралар бабаларымыздың сол кезеңде озық технологиялардан хабары бар екендігінен сыр шертеді. Сондай-ақ біздің ата-бабаларымыздың бұрыннан аң стилін білгенін байқатады. Алтын адамның қазақ жерінде табылуы әлемдік ғылымға қосқан үлесі айрықша екенін көрсетеді. Ұлы Жібек жолының жаһандық сахнада алар орнын бағалайды. Қазақстанның таулы аймақтары алма мен қызғалдақтың отаны екенін ғылыми түрде дәлелдер береді.

Мақаланың екінші бөлімде «Архив-2025» жобасына, ұлы даланың ұлы есімдеріне, түркі әлемінің генезисіне, ұлы даланың өнері мен технологиялар музейіне, дала фольклоры мен музыкасына, тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісіне тоқталады.

Елбасының бұл мақаласы өте орынды жазылған. Осы мақала арқылы біз төл тарихымызды зерттеп, ашылмаған дүниелердің жауабын табу мүмкіндігі туындайды. Сондай-ақ тарихымыз бен мәдениетімізді тек зерттеп қана қоймай оны күллі әлемге паш етуге тұрарлықтай дүниелеріміз бар.

Қазақстан өркениетті дамыған ел болып, алдыңғы қатарда тұруы үшін ең бірінші барымызбен мақтанып оны жетілдіре білуіміз керек. Ұлтымызға тән құндылықтарымызды жаңа қырынан көрсету арқылы тамыры тереңге жайылған тарихымызды әлемге таныта аламыз. Қазақ елінің қарыштап өркендеп өсуіне, төл тарихын білетін, мәдениетін бағалайтын және мақтан ететін халықтың орны қашанда ерекше және болашағы зор болады.

Нүргүл ҚОЖАХМЕТОВА,
Журналистика мамандығының 3 курс студенті





Еңбегің – біліміңнің нәтижесі

Жаңа 2019 жыл Қазақстандықтар үшін ерекше жыл, өйткені елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 5 қазандағы жолдауында «Жастар жылы» деп жарияланды. Осыған байланысты ақпан айының 2 жұлдызында облысымыздың Лев Толстой атындағы әмбебап ғылыми кітапханасында уақыт талабымен үндескен «Bilim ortalygy» алаңында кездесу өтті. Кездесуде облысымыздың көшбасшылары, яғни үлгі тұтар ағаларымыз қатысты. Атап өтсек, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Алмат Досмұхамедов, «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының ҚОФ төрағасы Әлібек Мұхамеджанов, «Жайдарлы жастар» ОФ жетекшісі Марғұлан Бәкір, Қостанай облысы әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің жетекшісі Абылайхан Кәкенов және жастар қанатының белсенді мүшелері қатысқан болатын.

Кездесу барысында 2019 жылы «Жастар жылы» тақырыбы аясында мәселелер қозғалып, сонымен қатар болашақ жастарға дұрыс бағдар беріп, оларды әрдайым қолдайтындықтарын жеткізді. «Нұр Отан» партиясы ОФ төрағасының орынбасары Алмат Досмұхамедов: «Еліміздің барша жастарын «Жастар жылымен»

құттықтаймын. «Жастар жылы» біздің өскелең ұрпаққа мол мүмкіндіктер беріп, жаңа биіктерге жол ашады. Осы жолда барлықтарыңа сәттілік пен табыс тілеймін», - деп айтып кетсе, «Жайдарлы жастар» ОФ жетекшісі Марғұлан Бәкір: «Сендер еліміздің ертені – жастарсыңдар. Сендерден болашақта зор үміт күте отырып, әрқашан ізденуге талпыныңдар. Себебі сендердің білімдерің – ол сендердің еңбектеріңнің нәтижесі болатынына мен кәміл сенемін» деп жастарға қолдау көрсетті.

Жастар қанатының белсенді мүшелері өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, оларға жауап алды. Жиынның негізгі мақсаты, жастардың патриоттық сезімдерін ояту, отансүйгіштікке баулу және ұлттық сана-сезімдерін тәрбиелеу. Кездесу қонақтары әңгіме аясында өмірлік тәжірибелерімен және жетістікке жету жолдарымен бөлісе отырып, алдағы уақытта қандай қиындық болмасын, төзімділік таныта біліп, еңбектің оңай жолмен келмейтінін айтып түсіндірді. Қонақтарымыз болашақ жастарға сәттілік тіледі.

Нұржәмила СҮНДЕТБАЙ,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті





Жаңа әлемге жол саламыз

Астана қаласында «Жас Отан» Жастар қанатының «Жаңа әлемге жол саламыз» атты кезекті IV съезі өткізілді. Бұл жиынға қатысу үшін Астанаға делегаттар ретінде еліміздің барлық өңірлерінен 1500-ден астам адам жиналды.

Съездің басты мақсаты еліміздің барлық қалаларындағы ең белсенді жас отандықтардың басын қосу болды. Қатысушылар «Рухани жаңғыру» және «Цифрлық Қазақстан» тақырыбындағы 2 бағытты талқылады. Әрине, ең басты тақырып жастар саясаты жөнінде болды.

Бұл жиын 2 күнге созылды. ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесінің Конгресс-орталығында өткізілді. 2018 жылдың басында «Жас Отан» Орталық кеңес мүшелерінің онлайн-сайлауын өткізді. Бірінші күні сайлауда жеңіске жеткен кеңес мүшелері барша делегаттарға таныстырылды. Конференция басқа жастармен танысу, өзара тәжірибе алмасу алаңы ретінде болды. Түстен кейін барлық қатысушылар тақырыптық сессиялар шеңберінде 5 командаға бөлінді. Кәсіпкерлікті дамыту, білім беру, ғылым, инновация және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерін талқылады. Мен өзім Назарбаев Университет қабырғасында өткізілген ғылым, инновация сессиясына қатыстым.

Ал, екінші күні «Жаңа әлемге жол саламыз» атты қорытынды Гала-форум өтті. Спикерлердің қатарында

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары болды.

Осындай форумдарға жастар қатыса алады. Ол үшін «Жас Отан» жастар қанатының еріктілер қатарында болу, шын ниетпен өткізілетін іс-шараларға атсалысу болып келеді. Және де өзіне қойған мақсатқа жету үшін мотивацияңыз болу керек. Менің мотивациям ол, әрбір нәрседен өмірлік тәжірибе алу.

Съезд барысында өте қатты әсер қалдырған оқиға болды. Ол, екінші күні өткен гала-форумда «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы паралимпиец Серік Есмамовтың спикер ретіндегі пікірі. Ол екі аяғынан да айырылған. Соған қарамастан өзіне деген сенімін жоғалтпады. Ауыр жұмыс арқасында ойнайтын волейболдан Қазақстан құрама командасына қабылданды.

Бұл жігіт барлық жастар үшін нағыз үлгі. Сондықтан осындай іс-шараларға қатысу өте маңызды. Себебі, басқа өңірлерден келген жаңа адамдармен таныса аламыз, өзімізге қажетті ақпарат пен тәжірибе ала аламыз.

Азамат ТОҚМАҒАМБЕТОВ,
Ақпараттық жүйелер мамандығының 4 курс
студенті

**Zhas
Project**ЖАСТАР КОРПУСЫН
ДАМУ ЖОБАСЫ

«Zhas Project» Жобасы

«Zhas project» – жастарға арналған бірегей бағдарлама. Жоба шеңберінде жастарға өз кәсіби және көшбасшылық дағдыларын жетілдіруге, оған қоса халыққа пайдалы әлеуметтік жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі. Бағдарлама биылғы жылы да жалғасын тауып, көптеген аудан, ауыл жастарының кәсіп бастауына игі іс болды. Осыған орай Қостанай өңірінде де 143 жоба қаржыландырылмақ. Бұл бағдарламаға 14-29 жас аралығындағы жастар қатыса алады. Сондай-ақ жобаға ауылдық аймақтарда тұратын әлеуметтік аз қамтылған жастар да қатысады. Ереже бойынша грант кәсіп бастаушыға қайтарымсыз беріледі. Бірақ, әлеуметтік жобаның грантын жеңіп алған жастар жарты жыл халыққа тегін қызмет көрсетуге міндетті. Ол үшін қатысушыларға алты ай бойы шәкіртақы төленетін болады. «Zhas Project» жобасының көмегімен кәсіп бастағандарға 1 000 000 теңге көлемінде қайтарымсыз грант негізінде қаржы беріледі. «Zhas Project» жобасының көмегімен кәсіп ашқандар болашақта өздеріне ғана емес, өзгелерді де жұмыспен қамтып, көмек қолын созатын болады.

Өткен айдың соңында Қостанай облыстық филармонияда осы жобаға байланысты жастардың аймақтық форумы өткен болатын. Шара барысында жас таланттар өздерінің шеберліктерін көрсету мақсатында жобаларын таныстырды. Көрмеге қойылған әрбір зат көздің жауын алады. Осындай бастаманың арқасында жастар кәсібін әрі қарай жалғастыруды көздейді. Елбасы жолдауында жастарды қолдауға бағытталған жобаларға басымдық беру қажет деген болатын. Соның бірі «Zhas Project» бағдарламасы. Сондай-ақ жобаны іске асырудың әр айы үшін 6 ай көлемінде шәкіртақы алады. Жоғары оқу орнын бітіргендерге – 60 мың теңге, орта оқу орнын бітіргендерге 40 мың теңге төленеді.

Жобаға қатысу үшін, ең алдымен, Қазақстан Республикасының азаматы болуы керек. Жобаны топпен немесе қабылдаушы ұйымның қолдауымен іске асыра алады. «Zhas Project» бағдарламасы жастар үшін берілген жақсы мүмкіндік.

Айдана АЙБЕКҚЫЗЫ,
журналистика мамандығының
3 курс студенті
Суретті түсірген
Бағдат Ахметбеков





Факультет тынысы

Ақпан айының алғашқы жұмасын қайырымдылық

шарасына арнадық. тобымызбен қаражат жинап “Жанұя” балалар үйіне бардық. Қаражат жағынан бізге университетіміздің мұғалімдері, 3 курс студенттері көмек көрсетті.

Балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің жасы 3 пен 18 жас аралығында. Өте белсенді әрі кез келген ойға белсенділік танытты. Жиналған қаражатқа балаларға керекті деген заттарды сонымен қоса жеміс-жидек, тәттілерімізді ала бардық. Балалар бізді қуана қарсы алды. Біз де оларды барымызша қуантуға тырыстық. Топ бо-

лып концерттік бағдарлама және кызықты ойындар ұйымдастырып, көңілін көтеруге тырыстық. Олардың тұрмыс-тіршілігі, жағдайымен таныстық. Жағдайлары жақсы, тәрбиешілері де өте мейірімді.

Айжан Батырханова қазақтың ұлттық аспабы домбырамен күмбірлете күй ойнап, Әбілда Ақай монолог оқып балаларды таң қалдырды, ал Диас биімен бәрін қуантты. Балалар үйінің тәрбиеленушілерінің көбінің ұлты орыс болған соң қазақтың ұлттық ойындарын, соның ішінде асық, қол күрес, ақ сүйек ойындары жайлы түсік беріп, бірге ойнадық. Балалармен жақынырақ танысу мақсатында түрлі психологиялық тренинг өткіздік, осылайша олардың ойында не бар екенін және алдағы уақыттағы жоспарларын білдік. Әрқайсысы іштегі сырларын ашып, құпияларымен бөлісті. Өнерден де құр алақан емес екен. Бірі өлең оқыса, енді бірі мың бұрала би билеп, бірі ойын ойнап көңіл көтерді. Алдағы уақытта да балалармен тікелей байланысты боламыз. Олардың шығармашылық және мәдени дамуына үлес қосамыз деген нақты ойымыз бар.

Біздің көрсеткен концерттік бағдарламамызды ықыласпен тыңдап, қызығушылықтарын білдірді. Бірінің музыкаға, бірінің монолог оқуға қызығушылықтары бар, бірі ұлттық ойындарға қатты қызығады. Сонымен қатар, спорттық жарыс ұйымдастырған болатынбыз. Сол жарыста Темірлан атты бала жеңіске жетті. Әрқайсысын қымбат болмаса да есте қаларлықтай сыйлықтармен ынталандырдық. Алдағы уақытта да қонаққа шақырды.

Осылайша ата-аналардың ыстық ықыласы мен мейіріміне мұқтаж балғындардың жүрегіне шамалы болса да бакыт сезімін ұялатқанымызға қуаныштымыз.

Қазақстан бірнеше ұлттардың басын тәуелсіздікте, бейбітшілікте біріктіріп, тату ұстап отырған ел. Осы ұлттардың барлығы бір-бірімен етене жақын араласып, дәстүрлерімен бөлеседі. 2019 жылдың 25 қаңтары күні аграрлық-биологиялық факультетінде ұлтаралық қақтығыстарды өршітуге жол бермеуді алдын алу іс-шарасы өткізілді. Шараға этносаралық және конфессияаралық келісімді зерттеу орталығының директоры Жанкелді Шаукенов шақырылды. Маманның пікірі мен мысалдарына студенттер қызығушылық танытып, әңгімелесу қызықты өтті. Кездесу барысында толеранттылық, халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, сеніміне және нәсіліне деген құрмет мәселелері талқыланды. Елдегі этносаралық алауыздық тақырыбына байланысты қойылған өзекті сұрақтарға Жанкелді Арсенұлы басқа елдердің тарихынан әртүрлі мысалдар келтіре отырып, егжей-тегжейлі түсініктеме берді.



КМҚК “Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және күресу” мекемесінің профилактикалық бөлімінің маманы С.А. Кадрон арнайы шақырылып, кездесу өтті. Іс-шараның негізгі міндеттері: студенттердің АИТВ-инфекциясының алдын алу мәселелері бойынша сауатын ашу, жастардың денсаулығын күтуге көмектесетін ақпаратты өз бетінше іздеуге ынталандыру, АИТВ-жұқпасымен өмір сүретін адамдарға толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеу және дамыту болып табылады. Іс-шара барысында маман АИТВ-инфекциясының берілу жолдары мен алдын алу әдістері туралы айтып, статистикалық мәліметтерге сілтеме жасай отырып, қазіргі кездегі мәселенің өзектілігін атап өтті. “Правильные решения - все, что нужно знать о ВИЧ” атты бейнеролик көрсетілді. Қараудан кейін дерттің алдын алу мәселелері бойынша пікірталас өткізілді. “Ми шабуылы” және “тәуекел дәрежесі” тренингтері өткізілді. Осындай кездесулер мен тренингтердің нәтижесінде жастар денсаулығына жақсы қарауға, ұқыпты әрі салауатты өмір сүруге бейімделеді. Қателіктерге бой алдырмайтын болады.

Айкүміс СӘКЕН,

АБФ тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары



Қазақ елі қазір өркениетті елдерімен иық теңестіруге, дамудың жаңа сатысына көтерілуге талпынуда. Дегенмен, жаһандық өзгерістерге сай болу үшін алдымен ұлттық ерекшелігімізді сақтай білуіміз керек. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласының ең басты тармағы «Туған жер» бағдарламасын қолға алу ұсынылған болатын.

Елбасымыз отансүйгіштік сезімнің кіндік қанын тамған жеріне, өскен ауылына, қалаң мен өңіріне, яғни Отанына деген сүйіспеншіліктен басталатынын қадап айтты.

Қазақ елінің әр өңіріндегі сайы мен қыры, тауы мен жотасы, даласы мен қаласы терең тарихтан сыр шертеді. Ал ел жастары олардың әрбірінен хабардар болуы тиіс. Себебі, өз тарихына терең бойлай алған ұрпақ қана Отанына адал, жауапкершілігі жоғары азамат болып өседі.

«Туған жер» бағдарламасының мәнін түсіндіре келіп білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізудің маңыздылығына назар аударды.

Елбасы жыл сайынғы Жолдауында ел ертеңі жастарға ерекше сеніммен қарайды. Биылғы «Жастар жылының» қарсаңында, білім алып отырған Қостанай Мемлекеттік Университетінің ветеринарлық факультетінің ұстазы, Баймұхан Темірбекұлының ұйымдастыруымен шағын топ құрып, талай ақынның жырына арқау болған, табиғаты көз тартарлық сұлу Көкше мекеніне саяхат жасадық.

Көп нәрсені білсем, көрсем деген студент-жастардың

Тұлғанды таны, тарихыңды құрметте

жанарында жалын, бойларында қызығушылық сезімі байқалды. Осылайша, біздің алғашқы сапарымыз Бурабай жеріндегі XVI ғасырдың 40 жылдары ордасын Көкшетауға тіккен, ұлы хан Абылайхан атындағы тарихи өлкетану мұражайынан басталды. Үш залдан тұратын үлкен мұражайдың алғашқы тарихи залында қазақ қоғамының мәдени-шаруашылық салтымен жақын танысуға мүмкіндік берсе, екінші бөлме – этнография залында қазақтардың ұлттық колөнері шығармашылығы, этномәдениеті және үй шаруашылығында қолданған заттары қойылып, үшінші залдың тү-жырымдамасына сәйкес, мұнда Бурабай аймағының табиғаты мен тарихын зерттеуге үлкен үлес қосқан зерттеушілер мен атакты академиктердің өмір-лері мен шығармашылығына қатысты жәдігерлермен таныстық.

Тастан бейнеленген Абылай хан тағы, Кеңесары хан аңға шыққанда мекен еткен, кейіннен «Кеңесары үңгірі» аталып кеткен тарихи мекен, Сөкен шығармасына арқау болған Оқжетпес пен Жұмбақтас тауларын көзімізбен көріп, ерекше сезімде болдық. Ұстазымыздың тарихи жәдігерлер мен көне мекендер жайлы берген мағлұматы біздің тарих пен мәдениетімізге деген



қызығушылығымызды арттыра түсті.

«Туған жер» бағдарламасы аясында жасалған өлкетану жұмысымыз қызықты да, көңілді өтті.

Биылғы «Жастар жылын» тағылымы мол тарихи саяхатпен бастап, игі істердің ұйытқысы болып жүрген ұстазымызға алғысымыз шексіз.

Енді алдымызда бар күш-жігерімізді аямай, жұмыла еңбек етіп, тәуелсіз еліміздің өсіп, өркендеуіне өз үлесімізді қосу міндеті тұр.


Қаламқас МӘЛІКЗАДА,
ветеринарлық медицина мамандығының 3 курс
студенті



АҚЫННЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...



Мұқағали Мақатаев



Суреттер кеш барысында түсірілген



Ақпанның 9 жұлдызы қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаевтың туған күні. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татады. Үйінің тұңғыш перзенті, артынан бір қыз және үш ұл бала. Аз ғана уақыт ішінде өзіндік дара үнін, суреткерлік қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектене білген. Мұқағали

Мақатаев қазақ поэзиясына лирикаға толы әсем өлеңдер мен жастар сүйер поэзия қалдырған ақынның бірі. Өз заманында лайық бағасын ала алмаса да, өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын.

Еліне өшпес із қалдырған адамдар ешқашан ұмытылмайды демекші, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде 12 ақпан күні ақынның құрметіне концерттік кеш ұйымдастырылды. Ұйымдастырушысы филология мамандығының 1 курс магистранты Қасым Нұрсұлтан Мырзабекұлы. Кештің қадірлі қонақтары Мұқатов Нағашыбай Оразбайұлы, Шаяхмет Ақылбек Қожаұлы, Абсадықов Алмасбек Ахметұлы.

Университетіміздің оқытушылары ақынмен жеке таныс болып, жастық шақта орын алған қызықты оқиғалармен бөлісті. Кеш барысында ақының өлеңдері мен поэзиялары орындалды. Студенттер концерттік кештен тамаша әсер алды.

Гүлзада ШАЙДУЛЛИНА,
Журналистика мамандығының 1 курс
студенті



(басы 2018 жылдың №5 санында)

Жиырма екіге жеткенде,
Ақтап елді кезгенім,
Атанып бірі кезбенім,
Басқа салған жастықтың
Қиядан жолын сезгенім,
Тиер ме деп асығып
Мақсатым қолға тез менім,
Алтынға салдым көзімді,
«Емес деп теңім жез менім»
Топ жиылған алқада,
Тең құрбымен теңдесіп,
Артық шыққан безбенім,
Осы жолға түскен соң,
Ата менен анадан,
Мал мен жаннан безгенім.

Осы жолмен жүргенде
Тағы да келді жиырма үш,
Көз жетпейтін қиыр үш,
Күндіз-түні көргенім,
Күйініш емес, сүйініш,
Оңынан әр кез табылған
Болса да қандай қиын іс.
Сен жақсысың деген көп,
Артық шыққан тағы да
Былтырғыдан биылғы іс.
Ту көтерген мен болдым,
Қыз-бозбала бір тайпа ел,
Бас қосқан болса жиылыс.

Жиырма төртке жеткенде
Би-болысты мақтадым,
Жақсыларды жақтадым,
Ат мініп, шапан киген соң,
Бірге жүріп, ақтадым.
Мырзалардың көңіліне
Сөзім жақсы келісіп,
Екеуіндей жайлы боп
Жібек пенен мақтаның,
«Пәленше сондай ақын,
– деп,
Жақсыларға жақын», –
деп,
Тағы бір белгі таққаным.
Ұнатпаған кісімді
Жылан тілмен шаққаным,
Әр адамға лайық
Тілмен бояу жаққаным,
Осыдан бөтен ойым жоқ,
Заманның болды ынғайы,
Ағымымен аққаным.
Мал керексіз емес қой,
Осымен малды тапқаным.
Ұсынғаным құр болмай,
Екі жақтап ұстап жүр,
Салып қойған қақпаным.

Екпіні тауды жыққандай
Енді келді жиырма бес,
Екі мүшел бұйырма бес.
Жалпы адамды кемсінбей,
Тең еместі менсінбей,

Көтеріп мұрын шүйірген
бес.
Толған айдың он төрті,
Жарығы бар ма үйге еңбес.
Терең жерден жөн тауып,
Текті жерден тең тауып,
Қалағанын сүйген бес,
Жетесі жаман болмаса,
Өнер қалмас үйренбес,
Мынау қиын екен деп,
Денен шошып, жиренбес,
Қылпылдаған қылыштай,
Жанаса кеткен жерден кес.
Ауыздықты шайнайтын,
Күннен күнге жайнайтын,
Көк мойын тұлпар керден
кес.

Үш жыл баста тұрмадың,

Даяр жүрді бойымда
Асынған қылыш-қынабым,
Бір сырлы, сегіз қырыммен
Құбылып, болдым
кұладың,
Көп жиылған алқада
Көңіліне жұрттың ұнадым,
Лайықтап әркімге,
Баға беріп қалпына,
Ататпай қойдым бір адым,
Ой жіберіп тереңге,
Тауар салған сандықтың
Кілтін қолмен бұрадым.

Ақ бүркіттей шарықтап,
Қараушы едім қиырдан,
Нәсібін тарттым бұйырған,
Уайым, қайғы ойда жоқ,
Қабақты шытып, жиырған,

Неше өленді толғадым,
Бірінен бірін асыра,
Үйреніп, тағылым алам
деп,
Еңкейе келген бас ұра,
Өлшеусіз мол бақ көріп,
Жел көңілім, тасыма!
Қазынасы таусылмас,
Нелер келіп, не кетпес
Ер жігіттің басына.
Он алтыға жеткенде
Жақсыға түскен назарым,
Сөйлесе, кірген ажарым,
Отыз беске жеткенше,
Таусылмаған базарым.
Қалам алсам қолыма,
Тарихтың түсіп жолына,
Көріктен қазған
көмірдей

Өнер-білімге шақырған Ысқақ ақын

Жиырма бесім, қайран
жас!
Қызғылықты досымнан
Неге айырдың, қайран,
бас?!
Дер шағында ер шығып,
Шарқ ұрып тұрған сайран
бас.
Өз қолыңнан жіберіп,
Жиырма бестің қызығын,
Көрмес енді қайдам, бас.
«Мынау тұрған жиын, –
деп, –
Жиын маған қиын», – деп,
Ойланбай кірер күн болды-
ау,
Қару алып сайланбас,
Төбем қыстау, төс жайлау,
Қайда көңілім жайланбас?!
Ақ білекті сыбанып,
Бар ма еді жерім бәйге
алмас?!
Шығарып мені жолға сап,
Өзің кейін қалдың ғой,
Келмесіне көз жетті
Енді қайтып айналмас.

Қызулы қайрат, талап зор,
Асынған қару-жарақ зор,
Бойымда түгел құралым,
Көңілім, маған өкпең жоқ,
Таласып тауға жүгірген
Ақ түлкіні жібермей,
Қиядан ілген қыраным.
Қанжығаны қандаған
Көріңді көзге сыралғым,
Ерегескен дұшпанға

Жез қармақты суға сап,
Алушы ем тартып қиядан,
Ажалдан бөтен қауіп жоқ,
Ер тірлігін сынаған,
Гүлін үзіп бақшаның,
Қаламдай қасы қиылған,
Қайнап аққан бұлақтың
Бар ма еді кезі тиылған?!
Өнер-білім, қайратым,
Ай мен күндей айбатым
Таудан үлкен талабым
Айдын көлдей алабым,
Жиырма бестің үстінде
Бір орынға жиылған.

Жиырма бестен өткенім,
Жиырма алтыға жеткенім,
Ерте күннің еркесі,
Жақсылық қосын тіккенім,
Қарға қайық жүргізіп,
Тасқа егін еккенім,
Сыртымнан айтса
дұшпаным,
Көтере алмай, кектедім,
Мақсатыма шап беріп,
Өлшеусіз басқа бақ беріп,
Ем болып жүрді еткенім.
Қайтпаған тауым әр істен,
Ілгері қарай беттедім.
Бір қасірет тартқызбай,
Ақырда қоймас, ойласам,
Дүнианы басқа тепкенім,

Жиырма алтыдан өткен соң
Жылжып жеттім аяңдап
Жиырма жеті жасыма,
Талапкер ерді қасыма,

Қайнаған тіл мен
казаным.
Мың бір түнгі кітаптай
Халық ішіне таралған
Он алты касса, ғазалым.

Жиырма сегіз жасымда
Жөніне жүрдім
талаптың,
Саудасын істеп
алаптың,
Қадірлес құрбы,
теңдеске
Басымды бұлдап
қалаттым.
Мадақтап тауар сөзімді
Мың ділдаға балаттым,
Мырзалар қылса
мәжіліс,
Аузыма жұртты
қараттым,
Баптаған тұлпар
күйіндей,
Жібектен шешкен
түйіндей,
Өзімді өзім жараттым.
Талапкер туған ініме
Өткен менен кеткеннен,
Ілгері мен кейіннен,
Үлгі мен өрнек тарат-
тым.

Атымды білген атақтап,
Әр тараптың жақсысын,
Арық пенен қадақтың,
Қадірін білмей
калыппын,

Барында қару-жарактың,
Соған ұқсап қалдым ба.
Мәтелі бар қазақтың.
«Қадірі кетіп, қартайып,
Жыны көшіп, жантайып,
Қ о б ы з ы қ а л ғ а н
Жанақтың».

Аумалы бұлт жаумалы,
Тартпасына болмайды,
Кезіне келген садақтың.

Жиырма тоғыз жасымда
Баяғы ескі санатым,
Талмастан алтын қанатым,
Бұрынғы дағды, қалыппен,
Қиғаштап қанат қағатын.
Ақ түлкіні көргенде
Қомданып, түйіліп ағатын,
Жылы жүзді, жұмсақ сөз,
Қолаң шашты, қара көз,
А л м а й м а б о й д ы ң
тағатын?!

Неше жылға балайсың
Жарты шерік сағатың,
Мұнар буды көзімді,
Көп қарауға талатын.
Арымай, талмай, ақсамай,
Қарап тұрып қалатың,
Жүйрігім топқа салатың,
Он екі құйрық, қырық
шалым,
Қалайынша мұқалдың,
Қиядан көріп, шалатың.
Қатын деген бір залым,
Үйден шығып, айқай сап,
Аяқтан келіп алатын.

Отыз деген жасыма
Енді келдім иіліп,
Қоңыр жарақ киініп.
Ойын менен жиыннан
Қалам ба деп тиылып,
Біздің көрген базардай
Базарға жатыр жылып,
Оймақ ауыз, бұраң бел,
Көк барқытқа ұнам бел,
Қаламдай қасы қиылып,
Біздің көрген халықтан
Бөтен жұртқа көрінбей,
Жусатқан қойдай иіріп,
«Бола ма жол», – деп бал
аштым,

Асықты қолдан үйіріп.
Өз бетімен сөйлетпес,
Бермесе бұйрық бұйырып,

Жиырманың ішінде
Жаман-жақсы әр істің
Бәрін де жүрдім сапырып.
Білгенін сөйлеп, сыйласып,
Құлатпай өткен жігіт көп,
Мың басып, бір шөп жап-
сырып,
Бет қайтпаған қайран күн,
Сағынамын аң ұрып.

Отыздың шығып дөңіне,
Айқай салдым артыма,
Жиырма бесті шақырып,
«Неге қалдың артымда,
Кел дедім жылдам,
тартынба,
Жолдасына ермейтін,
«Жүре бер!» – деп қолыңды
Ілгері қарай сермейтін,
Қашаннан қойған шартың
ба?!

Қимасыңды қиғаның
Ақылға кемдік жерің бе,
Аз күн алдап, жолдас боп,
Қала берген ұялмай,
Ата мирас, салтын ба?!
Қойдың кінә қай жерден,
Маған көңілің салқын ба?
Тұрып едім жаныңда,
Жанған оттай жалқында,
Оның жөн бе, жиырма бес,
Шығарып мені салмастан,
Қала берген қалпыңда».

Көңілімнің қайтқаны,
Жиырма бестің айтқаны:
«Сендей-сендей талайды
Аттандырғам қолымнан,
Жүре бер, қалмай
жолыңнан,
Қылып жүрген әдетім
Сенен де ердің зорынап.
Қазыналы базардың
Саудасы қызық таусылып,
Сендейлер өтіп кететін,
Кейінгі жастар жететін,
Әуелден тағдыр болыңған.
Сен де, мен де өзгермен,
Кейінгі жастар жеткенде,
Маған ұят емес пе,
Табылмасам орнымнан.
Дүниәге келген адамның
Бөріне қылар ісім бұл,
Айнымаймын соңымнан.
Тамағың маған іспесін,
Көзің маған түспесін,
Ермесімді білсенші,
Теріс қараған жолымнан».
Деген соң солай Жиырма
бес,
Көңілім сондай суынған.
Айырылдым құрған то-
бымнан,
Серпілгендей сезіндім
Жастықтың шашқан бу-
ынан,

Үйрек артық көрінді
Айдын көлдің қуынан.
Отыздан асып түскен соң,
Салқындады табиғат,
Бірте-бірте суыған.
Көз қарауға тоймайды,
Аузым епті ойнайды.
Енді келер жастық жоқ,
Бойға да жақын жуыған.

Жиырма бестің кезінде
Ақ білекті түрініп,
Жығылмадым сүрініп,
Ақ сұңқар құстай ойнақтап,
Керіліп, кербез көрініп,
Қиядан ұшып бір тіліп,
Қайда жүрген бетімде
Жолды берген сырылып.
Машинаның күшіндей,
Жеңілдікке иланып,
Ауырлық қалған сылы-
нып.

Күннен күнге айқындап,
Базардың нарқы білініп.
Айнымай жүрек, іс қылған
Әр атаққа ілініп.
Қалатын жерлер көп
болды-ау
Білінбей қауын тілініп.
Апрель менен майындай,
Майдың туған айындай,
Жүретін бетім жылынып.

Қаламды қолға алушы ем,
Он саусағым майысып,
Қызыл гүлдің базары
Құшағын алға жайысып.
Біреуді жақтап, күлдіріп,
Біреуді боқтап, бүлдіріп,
Талайлармен сайысып,
Сөзім қалған жері жоқ,
Уағданы байласқан,
Көтпеуші ем серттен тай-
ысып.

Жиырма бесте қылмып,
Қылыштың болдым
қынындай,
Шабатын жүйрік шынын-
дай,
Он екі мүшем мінсіз деп,
Күмстің тартқан сымын-
дай.

Ұстарайды қылпылдап,
Өткірлігім өтетін
Орақтың түзу шынындай.
Тазалығым су жүзгесі,
Мөлдірлігі шыныдай.
Емдейсіндер әзілмен,
Көңілге болмай тыным-ай,
Бұралып назбен сөйлесіп,

Баксылардың жынындай,
Магниті көзді жұлып ап,
Тартатұғын жұлындай.

Қайда жүрсем ыңғайлы,
Қылыштың болдым
қырындай.

Кетпейтұғын мәнерім
Асылдың бояу сырындай.
Көз көргенім ғайып боп,
Ескі күнді ұмытпай,
Біраз ғана жырладым,
Ертегінің жырындай.

Жиырма бесім қалған соң,
Қалды ғой бетім жылын-
бай.

Отыздан асып түскен соң,
Тағы да келді отыз бір,
Заманды таптым соқыр бір,
Бұрынғы көрген базарым,
Көріңді маған пұтсыз кір,
Сағатым қалды құтсыз бір,
Екі айналып келмейді,
Ықтиярың барында,
Қызықты бастан өткіз бір,

Қадірім бастан кетпеді-ау
Отыз екі жасымда,
Төмен түстім кемерге,
Жастықта судай тастым да,
Аяқ та емес, бас та емес,
Ортасында базардың
Саудасында саналып,
Аңғарып сырын жөне
алып,

Досым менен қастың да,
Замананың тұрмысын
Ойлана жүрдім тағы да
Қатарға кірген жастымда.

Бір бағанды тауып ап,
Арқамды мықтап сүйесем,
Анау менен мынаудан
Сірә, қорқып, састым ба?!
Қатарыңнан қалмайтын,
Қанаты сынып, талмайтын,
Толық тұғыр мінетін,
Атым болса астымда.

Отыз үш мен отыз төрт,
Алдымда жатып көлбеген,
Мына мені көр деген,
Енді жүрер жолыңда
Ылди менен өр деген.
Атбасар мен Көкшетау,
Қызылжармен ортада
Бар ма еді жерім көрмеген.
Саудаммен кездесіп,
Бас қосқанда жақсылар:
«Қозға деуші еді ескіден,
Болып едің жасыннан,
Бәйгеден келген көк дөнен.
Басушы едің көлденен», –
Деген соң месел қайтармай,
Толғаушы едім көп өлен.
Шер тарқатып ішіңен,
Мықты болған кісіден,
Бар ма еді ойын бөлмеген?!
Ынтық болып әрбір ел,
С ы р т ы м н а н к ұ м а р
шөлдеген.

Болмаса да жиырма бес,
Отыз бес жас та қызықты,
Межелі тұрған сызық-ты.
Отыз бес жаста көп ойлап,
Қағазға дәптер тізіпті.



Мен неден қорқамын?

Жаудың аяғына таптатпай қорғау үшін батыр бабаларымыз өз өмірін ойланбастан қиып жіберген және ұрпағына аманат етіп тастап кеткен, қазақ халқының біртұтас ұлт болып қалыптасуына, жеке мемлекет болып құрылуына, ұлттық болмысымызды жоғалтып алмай, барлық тарихи сынақтардан сүрінбей өтіп, бәсекеге қабілетті мықты ұлт деңгейіне көтерілуімізге, тәуелсіз ел атанып, бабаларымыздың ғасырлар бойы ансаған асыл арманына қолымыздың жетуіне, дамыған мемлекеттермен терезесі тең егемен қазақ елі болуымызға өлшеусіз үлес қосқан және қазақ халқына бірнеше ғасыр бойы пана болып келе жатқан қасиетті атамекенім, киелі туған жерім, мен сенен айырылып қалудан қорқамын.

Екі жарым ғасыр орыс империясының бодандығында болып, қорлық пен зорлықтан көз ашпаған және азаттық соғысқа бүкіл өмірін арнап, жауымен қасық қаны қалғанша шайқасқанымен тәуелсіздікке қолы жетпей кеткен батыр бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы, сұм дұшпанның егемен елде бейбіт өмір сүріп, алаңсыз жүрген қазақ жастарының мойнына құлдықтың бұғалығын салуынан, ұлдарымызды құл, қыздарымызды құн етіп, бабаларымыздың басынан өткен қаралы күндер бүгінгі ұрпағымызға қайтып келуінен, қазақ халқының мойнына құлдықтың қара қамыты қайтадан киілуінен қорқамын.

Туған жерін жаудан босатып, қазақ халқын құлдықтан құтқару үшін азаттық соғысқа өмірін арнап, жауымен арыстанша арпалысқан батыр бабаларымыз көре алмай кеткен, Алаш Орда мемлекетін құрып, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов және Әлихан Бөкейханұлы XX ғасырда негізін қалаған, ал қазақ халқының басына 1991 жылы қонған бақ, Жаратушы Раббымыз берген сыйлық –

мемлекеттік тәуелсіздігімізден айырылып қалудан қорқамын.

Жерінің асты қазба байлықтарға толы, ал жерінің үсті табиғатының көркемдігімен көздің жауын алатын кең байтақ туған жерімізді бейбіт жолмен тартып алып, тегін иемденуді көздеген алпауыт мемлекеттер арам пиғылын іске асыруға кедергі болып тұрған қазақ халқын ұлт ретінде жойып жіберу үшін жариялаған рухани соғысқа қазақ жастары төтеп бере алмай, рухани жан дүниесінің іріп-шіріп, азғындауға ұшырауын және ұлттық рухы әлсіреп, ұлттық санасының улануын жігіттер мен қыздар тоқтата алмай, қастандық ойлаған сыртқы жауға қарсы тұру қолдарынан келмей, ұлттық болмысын сақтай алмаудың кесірінен бірлігі жарасқан, татулығы қызықтырған, ал тектілігі бүкіл әлемді таң қалдырған ұлы қазақ халқының біртұтас ұлт ретінде жойылып кетуінен қорқамын.

Ар-ұятымды кірлетіп алып, әрбір қазақ ұялуы тиіс жерде ұяла алмай, ұятсыз болудан, намысымды қалғытып алып, қазақ халқының намысына тиетін сөзге немесе іске намыстанбай, намыссыз атанудан, нәпсіме ие бола алмаудан, ашуымның жетегінде кетіп, ұят қылықтар істеуден, пендешілік сезімдерімді нұрлы ақылға бағындыру қолымнан келмеуден, жеке басымның және бала-шағамның мүддесін қасиетті парыздарымнан және қазақ елі мен ұлт мүддесінен жоғары қойып, туған жерім мен қазақ халқының алдындағы азаматтық парызымды орындай алмаудан, рухани азғындауға ұшырап, адами келбетімді жоғалтып алудан қорқамын.

Ұлттық рухым әлсіз, ұлттық тарихи жадым өте тар, ұлттық санам таяз, ойлау қабілетім төмен болуынан, ұлттық рухани құндылықтарды қастерлемеуден, қазақ халқының ұлы тарихын терең зерттемеуден, батыр бабаларымыздың қазақ

халқына сіңірген өлшеусіз еңбектерінің қадірін білмеуден, артына өшпейтін із, өлмейтін сөз қалдырған ұлы бабаларыма тағзым етуге ақылым жетпей, сондарынан еруге жарамай қалудан, қазақ деген қасиетті атақты абыройлы алып жүру қолымнан келмеуден, даңқы жер жарған бабаларымның атына кір келтіруден, ұлттық болмысымды сақтай алмаудан қорқамын.

Мәпелеп баққан ата-анамды ренжітіп қоюдан, ақылдарын тыңдамаудан, талаптарын орындамаудан, көңілдерін қалдырудан, әке-шешеме арналған сәбилік махаббатымды сөндіріп алудан, үкілі үміттерін ақтамаудан, перзенттік парызымды орындай алмаудан, ақ баталарын алу бақыты маған бұйырмай қалудан қорқамын.

Тай мен құлындай бірге ойнап өскен, бір ананың ақ сүтін еміп, бір өкенің тағылымы мол тәрбиесін көрген, бір көрпені жамылып, бір тілім нанды бөліп жеген, бір табақтан ас ішкен бауырларыма арналған туыстық махаббатымды суытып алудан, бес күндік жалған фәнидің сынақтарына шыдамай, бөк дүние үшін араздасып, бір-бірімізге жат болып кетуден, нұрлы ақылды пендешілік сезімдерге жығып беруден, артымыздан еріп келе жатқан қазақ жастарына жаман үлгі көрсетуден, тас бауыр атанудан қорқамын.

Жетімнің басынан сипап, ата-анасын жоқтатпай, пана болу, жасында сыйлы болғанымен, қартайған соң күш-қайраты таусылып, ұрпағынан қайыр болмай, баспанасыз жүрген мүсәпір қарияға құрмет көрсетіп, көмек қолын созу, қамқорлық жасау, күштілер қиянат істеп, зорлық-зомбылық көрген, шындықты іздеген кісіге араша түсіп, әділетсіздікке жол бермеу, әділдік үшін күресуден шаршамау, үміт отын өшірмеу, талабы зор саналы жастарға сапалы білім беріп, ұлттық тәрбие көрсетіп, қазақ елінің жүгін қиналмай көтере алатын ақылды, қайратты, иманды, ұлтжанды ұрпақ қалыптастыру, адам деген қасиетті атаққа кір келтірмей, нағыз адам болып абыройлы өмір сүру қолымнан келмей қалудан қорқамын.

Ата-анасының бір сөзін жерге тастамай, қас-қабағына қарап, пайғамбарындай сыйлаған, қартайған шағында сый-құрмет көрсетіп, сәбиіндей мәпелеп баққан, үміттерін ақтап, ақ батасын алған, бауыры үшін өз мүддесін ойланбастан құрбандыққа шалған, туған жері мен елін және қазақ халқын жаудан қасық қаны қалғанша қорғаған, жауға басын имеген, жанын ары үшін садака етіп, ар-ұятын кіршіксіз таза ұстаған, намысы алмас қылыштай өткір ұлы бабаларымның тектілігін сын сағаттар келгенде қайталай алмай қалудан, тексіз атанудан қорқамын.

Данышпан бабаларымның тигізер пайдасы мен тағылымы орасан зор өсиет сөздерінің мұхиттай терең мағынасын түсінуге білімім мен түйсігім жетпей, киелі сөздің шексіз құдіретіне сенуге рухани жан дүниемнің кедейлігі мүмкіндік бермей, бабаларым ұрпағына аманат етіп қалдырған және ұлттық рухани құндылықтарымызды қастерлеуге негізделген қазақ халқының қасиетті Ережесін өзімнің өмір сүру қағидаларым ретінде қолдануға ақылымның таяздығы кедергі болып, қазақ халқының абыройы биік, ал болашағы жарқын болуы үшін ұлы мақсатты бағындыру қолымнан келмей, өмірімді босқа өткізіп, адасып жүргенімде тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы, көргенінен түйгені мол кеменгер қариядан сөз естіп, ақымақ атанудан қорқамын.

Туған жерімді жаудан қорғау кезінде, қазақ халқына құлдықтын қамытын кигізбеу үшін, мемлекеттік тәуелсіздігімізді баянды етуге және қазақ елін «мәңгілік

ел» болу ұлы мақсатына жеткізуге арналған қасиетті күрес жолында жеке басым мен бала-шағамның мүддесін құрбандыққа шалу, өмірімді ойланбастан қиып жіберу қолымнан келмей, батыр бабаларымның ерліктерін қайталай алмай, халқым мен елімнің мүдделерін қорғауға жарамай қалудан қорқамын.

Жүріп өту кезінде ешқандай қиындық тудырмайтын оңай жол мен шыдамдылық пен төзімділікті және тапқырлық пен батылдықты қажет ететін қиын жолдың арасынан таңдау жасағанда ұлттың мүддесі тұрғысынан қарап, қазақ халқы мен туған еліме мол пайдасы тиетін қиын жолды таңдау, биік таудан ағып жатқан қарқыны өте қатты ағын суға қарсы тұра алмайтын ескексіз қайық секілді тағдырға жығыла бермей, ағысқа қарсы жүзе беретін китке ұқсап, қатал тағдырдың қиындықтары мен сынақтарын қасқайып тұрып қарсы алу, ерлік пен ездіктің арасынан нағыз еркектің ғана қолынан келетін ерлікті таңдау, пендешілік сезімдерім мен ақылым өзара келісе алмай жатқанда нәпсім мен ашуымды нұрлы ақылға бағындыру, жеке басымның мүдделері қасиетті борыштарыммен тайталасқа түскенде өз мүддемді парыздарым үшін ойланбастан құрбандыққа шалу, жалған білімім мен шала ақылыма сеніп, маңызды шешімдер қабылдап, адасып жүрудің орнына данышпан бабаларымның тектілік пен даналыққа негізделген өсиет сөздері мен өнегелі тағдырларынан үлгі-өнеге алып, мағыналы әрі абыройлы өмір сүру, жауапты шешім қабылдау кезде жеке өзіме пайдалы жағын таңдамай, туған ұлтым мен қазақ еліне және Отаныма пайдалы шешімді қолдау қолымнан келмей қалудан қорқамын.

Мансабы жоғары қызметтің тізгіні қолыма тиген кезде, алтынды көргенде жолдан тайып кеткен періштеге ұқсап, халқыма адал қызмет жасаудың орнына биліктің сойылын соғып кетуден, өз халқымның байлығына қолымды сұғып, ұрлық істеуден, қазақ халқы мен елімнің мүддесін дұшпанға сатып жіберіп, сатқын атанудан, ел жүгін орта жолда тастап кетіп, ұлтымның маған артқан сенімін ақтай алмаудан, туған халқыма қарғыс алудан қорқамын.

Ұлы бабаларым қойынында тыныстап жатқан, жастарымыз баурайында асыр салып, ойнап өскен, дүйім жұртқа пана болған, бүкіл елді асырап отырған туған жерім, сен аман бол! Рухани жаңғырудың арқасында тектілігімен қайта қауышқан, ұлттық рухы оянып, ұлттық санасы жетіле бастаған, су сұрасам, шұбат пен қымыз берген, жетімі мен жесірін жылатпаған, ата-анасын пайғамбарындай құрметтеген, әр қазақты жалғыз бауырындай жақсы көріп, бір тілім нанды бөліп жеген, құдасын құдайдай сыйлаған туған халқым, сен аман бол!

Алпауыт мемлекеттер құрған торға түспей, қақпанды айналып өтіп, қармағындағы жемге қызықпай, туған жерімізді жауға бермей, қазақ халқына құлдықтын қамытын кигізіп алмай, ғасырлар бойы сарыла күткен тәуелсіздігімізден айырылып қалмай, дамыған мемлекеттер арасындағы бөйгеден жүлделі орын алып, төрге шығып, мәңгі жасай бер, егемен қазақ елім, жалғыз Отаным, сүйікті Қазақстаным!

Нұрлыбай АБАТОВ,
Қостанай мемлекеттік
университетінің профессоры,
Физика-математика ғылымдарының
кандидаты.



Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы



**Айнұр Міркемел,
Сырбай Мәуленов
атындағы гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
гуманитарлық білімдер
магистрі**

Несіне сен өкінесің?!

Несіне сен өкінесің өмірге,
Қателіксіз мына өмір өмір бе?
Ар күзетіп, арлы іске бет бұрсаң,
Өмірменен сусындайды көңіл де.

Алла саған қиындықты береді,
Сынақтан да өтеріңе сенеді.
Өз қатесін түзетуге бет бұрған
Өз бойының әлсіздігін жеңеді.

* * *

Бір адам бар

Бір адам бар жақсылықты қалайтын,
Бір адам бар пенделерді алдайтын.
Бір адамның шырайында күлкі жоқ,
Бір адам бар жүректерді баурайтын.

Бір адам бар пенделерге "мен" дейтін,
Өзімсініп, өзгелерді көрмейтін.
Бір адам бар жүрегі аппақ, тап-таза,
Ар күзетіп, арлы іске "кел" дейтін.

Бір адам бар көксемегі тек байлық,
Еңбек етпей, алсам дейді көп айлық.

Оян, жастар!

Оян, жастар, оянатын кез келді,
Бұрынғыдай замана жоқ, өзгерді.
Әуел баста ақша болса құндылық,
Қазіргі таң білім күші тең келді.

Білімді дәлелдесең, нақтылап,
Жүрек жұтсаң, төуекел ет, бақ сынап.
Пайдаң тисін замана мен қоғамға
Оқы, үйрен, еңбек жаса жақсылап.

Дарындылар дәуірі ғой дәл қазір,
Бәсекелес, өзгеріске бол өзір.
Абай айтқан ақыл, қайрат, жүректі,
Біріктіріп, өзіңменен ала жүр.

Қолдай білген, түсе білген араша,
Елбасының әрбір сөзі тамаша:
«Осы жылғы жастар жылы жасасын»
Ғылым қуған, ойлай білген жанаша.

АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Жақында «Сырласу» бағдарламасына белгілі абайтанушы Омар Жәлел келді. Ғалым жүргізушінің «Адам болу үшін не істеу керек» деген сұрағына «Абай мен Шәкәрімді оқу керек» деді. Ғалымның жауабы мені біраз ойландырды.

Алдымен «Адам деген кім?» деген сұрақ туындайды. Адам – жан мен тәннің бірлігі. Абай айтпақшы: «Ақыл мен жан – мен өзім, «тән» – менікі, мені мен менікінің мағынасы екі. Шынымен, жан – мәңгілік, ал тән, тән – топыраққа көміледі де қалады. Шәкәрімше, жан менен тән – қосылған ерлі-қатын. Ер адам: «Жаным, сенімен мәңгілік болғым келеді» дегенде, әйел адам: «Қиналдым, қол ұшыңды берші» дегенде, бір-біріне көмектесе, екеуі егіз болмай ма? Сол сияқты тән де жанға қолғабыс болса, жан тәнмен байланыс жасап, жан мен тән қосылса, адам деген ұлы күш пайда болмай ма?

Қазір жастардың көбісі «Мен бай болғым

келеді» деп армандайды. Ал байлық деген ол ақша ма? Жо-жоқ, жаның бай болса, рухани дүниен бай болса, нағыз бай сен боласың. Байлық деген бұл өз дәрежең. Мұқағали Мақатаев айтпақшы, «Ей бауырым! Өз дәрежең болмаса, бұл жалғанда несіне өмір сүргенсің?».

Дәреже ол атағын, лауызымың емес, дәреже деген өзгелерге қайырымдылық жасап, адал еңбек етіп, әділетті болып, жеткен дәрежең! Дәрежем болсын, адам болам десең, Шәкәрімнің мына жолдарын оқы, соны үк.

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,
Ол айла - қиянатсыз ой тазасы.
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос - сол шарасы.

Адам осылардан қалыптасады. Өкінішке орай, өмірде әр түрлі адамдар кездеседі, алайда оның бәрі адам ба?



Тыйым сөздердің тәрбиелік мәні



Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрлерді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі.

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының тыйымдары мен ырымдары, наным-сенімдерінің алатын орны ерекше. Өйткені олар да халықтың ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесі сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан.

Қазақ тыйымға бай халық. Әдетте қазақ тыйымдары мазмұнына қарай наным-сенімге және салт-дәстүрге байланысты тыйымдар деп екі үлкен салаға бөлінеді. Наным-сенімге байланысты тыйымдар өз ішінен ие-киеге байланысты тыйымдар, табиғатқа байланысты тыйымдар, ата-бабаға, аруаққа байланысты тыйымдар, тағдырға байланысты тыйымдар деп бөлінеді. Ал салт-дәстүрге байланысты тыйымдар өз ішінен күнделік тұрмысқа байланысты тыйымдар, жол-жосынға байланысты тыйымдар, түрлі кәсіпке байланысты тыйымдар, зат-құбылысқа байланысты тыйымдар, дене мүшелеріне байланысты тыйымдар, сөз-қимылға байланысты тыйымдар деп бөлінеді.

Қазақ халық үшін тәрбие – тұтас дүние. Оның мақсаты – адам тәрбиелеу. Балаларға ұлтымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін оның сәбилік шағынан бойына сіңіріп, ойына ұялату, сол арқылы ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу қай күннің болмасын басты мәселесі.

Тыйымдар халқымыздың әлеуметтік өмірінде, тұрмыс тіршілігінде жас буын тарапынан бұлжымай орындалып отырған. Тыйым сөздерді заң ретінде қабылдаған. Әлеуметтік өмірдегі түрліше қарым-қатынаста адамдардың әрекеті үстінде көрсететін мінез-құлқын анықтайтын, жалпыға міндетті ережелердің жиынтығы ретінде танылады. Міне, осындай деңгейде тыйым сөздерді халқымыз пайдаланып, баршаға бірдей, міндетті түрде орындатқан. Мұның өзі қоғамдағы үлгі-өнеге, әділеттіктің негізгі қағидасы болып қалыптасқан.

Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылған. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырған. Есі жаңа кірген кезден бастап ержеткенге дейін құлағында жүріп, жүрегінен орын алатыны

сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, нұрлы. Қыска да нұсқа, айтылу екіні де ерекше тіркестен шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл. Бұл талдап, талқылауды қажет етпейтін, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған. Атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таяумен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан әр жас ата салтынан аспай, айтқаны қалтқысыз орындалған. Міне, қазақы тәрбиенің күдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді. Адамға қоғамның барлық түрінде де тыйым сөздер қажет. Тіршілік болған соң күнгейі мен көлеңкесіз болмайды. Сол кереғарлықты реттеп отыру үшін нанымдық, сенімдік, моральдық-этикалық, құқықтық нормалар сияқты тыйым сөздер де әлеуметтік ортаны реттеп отырады. Қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік туады. Тыйым сөздердің мағынасына үңілсек, тәрбиенің әр саласын аңғаруға болады. Оларды шартты түрде былай бөлуге болады: біріншіден, адамның түрлі қарым-қатынасына байланысты пайда болған; екіншіден, табиғаттағы тылсым күштердің киесі ұру, аруақтың қаһарынан, пәле-жаладан қорғануға арналған. Адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты туған тыйым сөздерден үлкен-кішінің арасындағы, өке мен балаға қатысты, ағайын арасындағы, адамның жеке басына байланысты тыйым сөздердің үлгілері бар. Олар: нанды баспау, нанды бір қолмен үзбе деген секілді. «Онда тұрған не бар» деп айтатындар да бар. Олар мұның кесерлі екенін түсінбегендіктен солай ойлайды. Қасиетті нанды бір қолмен қалай болса солай үзген кесір долады. Тәрбие айтудан ғана емес, көрсетуден сінеді, сондықтан жерде жатқан нанды «құс жейді» деп көтеріп биікке қойып жатқан үлкен адамды көрсе, бала да соны қайталайды. Экологиялық, гигиеналық және тағы басқа түрлерге бөлуге болады. Адамгершілік адам болмысы үшін басты көрсеткіш екені белгілі. Мұндай адами сезімдерді қалыптастыратын сөздердің қатары көп. Олар адамды сыйлау, қайырымды болу, өтірік айтпау, еңбекті бағалау сияқты тәрбиелік ұғымдар қамтылған. Әдептілік–адамдармен қарым-қатынаста көрінетін сыпайыгершілік, ізеттілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды көрсететін ерекше қасиет.

Қазақ деген халық тамыры тереңге кеткен алып бәйтерек секілді, шайқалса да құламайды. Халықтың зердесінде, тарихында, рухани мұрасында небір інжу-маржан жатыр. Сол асыл қазыналарымыздың қасиетін, мән-мағынасын ұрпағымыздың бойына жұғысты етіп, ертеңгі күнге жалғастырсақ, ұл-қыздарымыздың келешегі де жарқын болар еді. Халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі – тыйым сөздер.

Аружан КЕТЕБАЕВА,
Қостанай физика-математикалық лицейінің 10 «А»
сынып оқушысы



СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗІ

Көптеген психологтар мен педагогтардың зерттеулерінде ЖОО студенттері оқу процесіне бейімделу жағдайында өзіндік жұмыстарды орындауда, оның сан алуан түрлері мен формалары бойынша біршама қиыншылықтарға кездеседі. Соның салдарынан, оқып-үйренушілер оқу-тәрбие жұмыстарына, өзіндік жұмыстарға енжарлық танытып, оқу үлгерімдерінің төмен болуы орын алады.

Кез келген елдің экономикалық және саяси тәуелсіздік жағдайы халықтың жалпы білімі мен кәсіптік деңгейіне байланысты. Заманның ағымына сәйкес білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Қазіргі білім – азаматтық қоғамдағы әлеуметтік талаптарға бағытталған күрделі де жан-жақты қоғамдық құбылыс, оқыту және тәрбиелеу түріндегі педагогикалық әрекеттің тұтас жүйесі.

Кез келген кәсіптегі маманды қалыптастыруда мамандыққа сай білім алу қаншалықты өткір мәселе болса, сонымен қатар “жеке маман тұлғаны” өзіндік дамытуда оны шығармашылықпен терең іргетасын дайындау соншалықты алғышарт. Білім жүйесінің мазмұны өмірдің түрлі жағдайларында әрекет ете алатын «тұлғаны» дайындау. Осы мақсатта оқу жоспарын оқушылардың азаматтық білім беруіне бағыттау керек. Бірінші кезекте әлемде болып жатқан өзгерістерге байланысты білім жүйесінің ұлттық модулін құру, ол үшін өркениетті елдерде берілетін біліммен ортақ көзқарастарын табуға ұмтылу қажет.

Қазіргі қоғамдық сураныс – өзісіне мығым, жұртшылықпен тез байланыса алатын маманды тәрбиелеуді талап етеді. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады. Бұл жұмыс студенттің ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған. Жоғарғы мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы оқыту жұмысының әдісі және оқушылардың жеке деңгейі болып табылады. Сонымен қатар, студенттердің өзіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, студенттің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Аталмыш жұмысты белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, студенттің өзіндік жұмысының формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты. Өзінік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білу және студенттердің дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы.

Бүгінгі күні бүкіл дүниежүзілік білім беру тәжірибесіне жүгінетін болсақ, жылдам қарқынмен оқыту үрдісінің сапалы да жемісті жолы аудиториялық сабақтардың көлемін



тиімді қысқарту арқылы студенттердің өздік жұмыстарына уақытты көбірек беріп, олардың шығармашылық қабілетінің өсуіне әсері жоқ оқу пәндерін барынша азайту. Және де оқу жылының барысындағы студенттердің еңбек санының дұрыс бөлінуіне ерекше көңіл бөлу, себебі семестрдегі жүйесіз берілген өзіндік жұмыстар сессия кезіндегі «үлгермеушілікке» және білім сапасының төмендеуіне әкеліп соғады. Осыған байланысты, өздік жұмыстарын орындау үшін әр студентке оқу-әдістемелік құралдарын көрсетіп, өздік жұмыстарына семестрдің басында дұрыс тапсырма беру, соған байланысты әр тапсырманың ұйымдастыру-әдістемелік материалдары болуы тиіс.

Қазіргі таңда ҚР-да білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес жоғарғы оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу маңызы түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке бұрынғыдай студентті пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, студенттің оқу-танымдық іс-әрекетін дұрыс және тиімді ұйымдастырып, жаңа технологияларды пайдалана отырып жеке бас тұлғасын қалыптастыру мақсаты алға қойылып отыр. Қазіргі педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде студенттердің танымдық іс-әрекетін сабақ уақытында, сабақтан тыс уақытта және отбасы арасында қалыптастыру мәселелері көптеп зерттелуде.

Әрбір ЖОО студенттерді тек қана біліммен қаруландырмайды, сонымен қатар кәсіптік дайындық пен жан-жақты дамуына үлкен үлес қосады.

Данара ЕРМАГАНОВА,
Психология және педагогика мамандығының
1 жыл магистранты



Дамуға негізделген жоба



мұғалімі – Иманкулова Алмагүл Маратовқызы бөлісті. Оның айтуынша, қазіргі таңда, кабинетте оқушыларға арналған адаптация, арнайы факультативке қоса, сабаққа қатысты зертханалық жұмыстар жүргізілуде. Гидропоника кабинетінде жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылады. Зертханада, ең алдымен, мектептегі балалар сабақта алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алмақ. Олардың функцияналдық сауаттылығы дамиды, яғни білімдерін өмірде қолданып, өз ықпалын тигізеді. Өмірде қолданатын тәрбиені мұғалім оқушыға беріп, тек қана мектеп көлемінде емес, елімізге де пайдасын әкеледі дегуе болады.

Зертхана кабинетінде, әзірше, жетекші және ғылыми жобаларды іске асырып жүрген 5-6 бала жұмыстарын өтеп жүр. Алайда, ғылыми жұмысты бастаймын, алып кетемін немесе болашақта химия және биологиямен өмірімді байланыстырамын деген оқушыларға есік ашық. «Ең бастысы кабинетке емес, ең бастысы қандай болмасын іс-әрекет оқушының дамуына негізделген», дейді Алмагүл Иманқұлова.

Кабинет ашылмас бұрын, ғылыми жұмыс жасалған екен. Жұмыстың басты мақсаты – гидропоника өсімдіктерін өсіру, оның ішінде жуаға мән берілген.

2050 стратегиясының және жалпы Қазақ елінің басты мақсаты - мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы. Стратегияда басты назарға алынған - білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің негізін қалап жүр. Сол негізге, Қостанай қаласының, Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернатында ашылған – зертхана кабинетін жатқызуымыз бекер болмас. «Неге?» деген сұраққа жауап берер болсақ, біріншіден, ол – Қазақстан Республикасының дамуына үлес қосуы, екіншіден, әлемдегі аштық және су тапшылығы мәселелерін шешілуіне қадам жасауы, үшіншіден, басты назардағы – білім беру жүйесінің дамуы, оқушылардың ынтасын ояту, оқыған нәрсені іс жүзінде көрсету.

Зертхана кабинеті 2019 жылы, қаңтар айының 9 жұлдызында ашылған болатын. Ресми ашылу болып, жиынға: Облыстық білім басқармасы, мектеп басшылығы, мектептің бұрынғы директоры және арнайы қонақтар шақырылды. Облыс және республика көлеміндегі БАҚ қатысып, ашылу салтанаты жоғары деңгейде өткізілді.

Зертхана кабинетіне бөлінген қаражат – 5 млн. теңге құралды, бұл мәселені білім басқармасы өз мойнына алған.

Зертхана кабинетінің жұмысы жайлы зертхана меңгерушісі, химия және биология пәнінің

Негізінен, гидропоника өсімдіктерін өсіру тиімді әдісі деген жалпыламада тек қана жуа өсімдігі болатын, ол үшін мектеп арнайы шағын құрылғы иеленіп, қондырғы жасап, содан кейін жуа өсіруге кіріскен. Гидропоника дегеніміз - өсімдіктерді топырақсыз, жасанды ортада – қоректік заттардың судағы ерітіндісінде өсіру әдісі. Онда өсімдік тамыры арнайы дайындалған субстратта орналасады. Гидропониканың екі әдісі бар: 1) өсімдіктерді топырақсыз физиологиялық ерітінділерде — әлсін қоректік ерітінділерді бүрку арқылы өсіру; 2) Өсімдіктерді топырақсыз, жасанды ортада – қоректік заттардың судағы ерітіндісінде өсіру. Өсімдіктерді өсірудегі пайдасы осы тәсілді қолдану кезінде жеміс өсімдіктердің өнімділігі барынша артады, сәндік өсімдіктердің қарқынды гүлденуі олардың өсуіне гидропониканың оң әсері дәлел бола алады.

Зертхана ашылысымен, қазіргі кезде жуа мен пияз ғана емес, басқа да өсімдіктердің көлемі ұлғайды. Асқабақ тұқымдастары, қияр, астық тұқымдастары, бұршақ тұқымдастықтары, тағамда қолданылатын жасыл шөптер, аскөк, жалбыз, кориандр сияқты өсімдіктер бар. Жақын арада субстратта отырғызылатын бөлме өсімдіктерін, гүлдер өсіру жоспарлануда.

Сания БИМИРЗИНА, Анжелика ГРАЧЕВА



Шал және теңіз

Ол – жазушы. Ол – балықшы. Ол – аңшы, саяхатшы, спортшы, сотқар. Ол тіпті әскери тілші. Бір бойына осынша қасиетті жиған тұлға «Балалар аяқ киімі сатылады. Киілмеген» деп ең қысқа әңгіме жазып, әлемге танылды. Алпыс екі жасында о дүниелік болған жазушы Эрнест Хэменгвей соңына «өлмейтін хат» – сансыз шығарма қалдырып үлгерді. Соның ішіндегі ең таңдаулысы - «Шал мен теңіз» повесі.

Бұл повесттің басынан аяғына дейін шалдың теңіздегі өмірі, балық аулауы баяндалғанымен, айтар ойы астарлы. Мен өз қиялыммен шығармадағы балықты – мақсат ұғымына баладым. Адам мақсатқа жету үшін қанша тыраштанып қыруар қиындықтармен күресетін болса, Шал да өмір атты теңізде балыққа жету жолында арпалысады. «Бұл арада ешқандай ау жоқ еді, оны өздері әлдеқашан сатып жіберген, мұның бәрі баланың есінде. Сонда да екеуі сыр бермей, шалдың қолында сол ау бар секілді пішін танытатын бір-біріне». Ау – байлық, дәулет деп алсақ, ол әлдеқашан көзден бұлбұл ұшқан. Бірақ бәрібір шал өзінің жарлы екенін мойындағысы келмейді. «Балық – балық болуы үшін туған болса, сен балықшы болу үшін жаралғаның». Автор «балық», «балықшы» ұғымдарымен әркім өмірден өз орнын таба білуі, өз соқпағын сала алуы маңызды екенін білдіргісі келеді. «Ол қанша алып болса да, асқан сұлу болса да, мен оған қол жеткіземін. Адамзаттың қауқары мен шыдамы неге қабілетті екенін дәлелдеймін». Әдетте автор өз ойын кейіпкерінің аузына салып береді. Бұл сөйлем арқылы адам-да арманына жетуге еш мүмкіндік болмаса да, күш-қуаты

жетпесе де, ерік-жігері мықты болуы керек екенін көрсетеді. Оқырманына таудай талап тарту етеді.

«Жайынды жұртқа етін сатып, өзін күн көру үшін ғана өлтірген жоқсың. Балықшы болғандықтан, оған үстемдігінді танытқын келіп өлтірдің». Жайын – орындалған мақсат десек, сіз көздеген мұратыңызға қол жеткізу арқылы өзгелерге де септігіңізді тигізесіз. Сонымен бірге, алға қойған тілегіңізге қайткен күнде де қол жеткізуге болатынын жұртқа дәлелдейсіз. «Жайын балықтың қаны тағы да шұбырып аға бастады, мына акуланың соңынан басқалары да жетеді енді». Акула – мақсатқа жетер жолдағы кедергі. Бір кедергіге ұрынған екенсіз, оның соңынан шұбырған қиындықтар да ағылуы ықимал. Сондықтан акулаға балықтың қанын білдірмеген секілді, өмірде де барлығын ұқыппен істеген жөн.

Хэмингвей кітаптары өзі түйіндегендей жадында қалатын дүниелер. Жылдар салып қайта оқығаныңда жанына жылулық сыйлайтын туынды тәрзіді. Жазушының өмірі де өзі жазған «Шал мен теңіз» повесіне ұқсас. Адуынды тізгіз, ырқына бағындырғысы келетін Шал, әр нәрседен шешім іздеген Хэмингвей...

**Аяулым ЖАҢБЫРШЫҚЫЗЫ,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

Мүмкін мен де біреудің арманының орындалуына септігімді тигізермін?

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы.

"Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың болашақ ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік", - деген еді Ғабит Мүсірепов. Кітап тандап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. "Кітап маған тақтан да қымбат", - деп көрсеткен Шекспир. Бұл сөзден түйер ойымыз, адамға жан азығы, рухани байлығы бола білген – кітап. Сол себепті оның орны тақтан да жоғары. "Наданмен қас болғанша, кітаппен дос бол", - дейді Баус. Кітап - сенің асып-таспайтын асыл досың. Себебі кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын таңытқан, оқытып-үйреткен – кітап. Әр ұлттың, елдің келешегі мен болашағын баян еткен, тарихы мен өткенін жыр еткен де - кітап болатын. Сондықтан да, "кітап әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі", - дейді Горький. Онда біз әлі білмейтін, естіп оқымаған қыр-сыры көп. Оны тек кітаппен дос болған адам ғана құпиясын ашып, ғажайып танып біле алады.

Жақында мен Александр Гриннің «Алые паруса» атты романтикалық кітабын оқыдым. Осы кітапта мені ойландырған бір нәрсе, ол – өмірде жақсылық та, жамандық та қайтып келеді. Егер сен біреуге жамандық жасасаң ол саған екі есе, ал жақсылық жүз есе болып оралады.

Сонымен қатар бұл кітапта адамның өзінің өміріндегі ең қымбат арманға ие болу, оған сену және ұмтылуы керек екеніне көзімізді жеткізеді. Өйткені, Александр Грин осы жұмысты өз өмірінің ең жақсы уақыттарында емес, ең алдымен, ол арман, сенім, үміттің үлгісінде жасауға

тырысты. Бұл кітап маған ұнады және ол сізді немесе мені әрекет жасауға итермелейді, айналаға қарап, өзіне сұрақ қойғызады: «Мүмкін мен де біреудің арманының орындалуына септігімді тигізермін?».

Менің ойымша, автор өз жұмысымен айтқысы келгені, кез-келген адамға арман қажет. Адам өз жүрегімен қаласа, ол міндетті түрде орындалады. Александр Грин шындық әлемінде де, арман әлемінде де өмір сүруге болатындығын көрсетеді. Әрбір адам өз өмірі мен тағдырының құрылысшысы. Сондықтан да қолында тұрған байлықты бағалай білуі керек. Арман адамның жарық жұлдызы, айқын бағдары, онсыз алға басу да, тірлік те жоқ. Олай болса, алға ұмтылу — өмірдің мақсаты. Мұндай сапа адамға жаратылысынан тән. Шынымен де, Адамға Алланың берген ерекше қасиеті — армандай білу. Ал, нені, қалай армандайсың — ол әр адамның өз өресіне, өзіне деген сеніміне байланысты. Асыл арман дейміз, асқақ арман дейміз, күпіршілік жасап, арасында орындалмас арман деп те қоямыз. «Арманың орындалсын», — деп тілек айтамыз. Жақсы ғой, бірақ та сол асыл арманға өз санатыңнан құлшыныс білдірмесең, сол алдамшы арман күйінде қала береді. Және де сенің арманыңа сенім білдірген етеңе жақының болса, тіпті құба-құп. Ал өрімтал шағында асыл арманыңды заңғар таудай көретін ұстазыңа жайып салғаныңда, ол дүйім жұрт алдында кекесін білдірсе ше?..

Арман алысқа жетелейді демекші менің де өз арманым бар. Бұл арманымның орындалатынына мен үлкен сеніммен қараймын. Болашақта сол арман аясында тербеліп, ата-анамның мақтанышы боламын деп сенемін.

Гулзада ШАЙДУЛЛИНА,
Журналистика мамандығының 1 курс
студенті



Sulýlyq syry...



Korei arýlarynyń sulýlyg`yna tamsana qaramaıtyn qyz-kelinshekte joqtyn qasy ekeni anyq. Korei sulýlarynyń aıtýynsha, terińiz kútilgen bolsa siz nag`yz hanshaiymnyń ózi bolasyz. 40 jasyńyzda jas bolyp kóringińiz kele me? Olai bolsa qazirden bastap kún saıyn terińizge qamqorlyq jasaıdy bastańyz. Tanyıl korei kútimi qalai jasalady?

Káris áielderi úshin jastyq pen sulýlyqty uzartý basym mindet bolyp tabylady, sondyqtan olar erte jastan bastap ózine kútim jasaıdy úrenedi. Kópregen zertteýlerden keiin, dál osy kóp satyly júre ońtaily kútim men teriniń jastyg`yna qamqorlyq jasaıdy qamtamasyz etetini dálelendendi.

Sabyndy umytyńyz!

Koreilik kosmetika sarapshylary kútimniń barlyq filosofiasy jastyq pen sulýlyqty saqtaý qundylyg`ynda ekenin aıtady, sondyqtan makııajdy asa kóp qoldanbaýg`a, terini daıyndaýg`a kóp kónıl bólinedi. Qysqasha, bul protsessti mynadai qadammen sıpattaýg`a bolady: Tazalaý-Tonik-Essentsıa-Emýlsıa-Krem. Retimen bastayıq. Árıne barlyg`y tazalaıdan bastalady, tipti tańerteń uıqymyzdan tura sala betimizdi durystap tazalaımyz kerek. Ádemi jáne jarqyn terige kilt – betti tazartı ekenin koreilik arýlarmyz bileidi.

1 kezeń – tazalaý/makııajdy alý

Sarapshylardyń aıtýynsha tańerteń jýynýg`a arnalg`an kóbik (penka dlia ýmyvanııa), al keshke makııajdy alý úshin gidrofildi mai nemese kóbikti paidalaný kerek. Mundaı quraldar betti tereńnen jáne tiimdi tazalaıdy. Eger kózdegi makııaj sýg`a turaqty bolsa, makııajdy arıay eki fazaly suıyqtyqpen nemese makııaj sýg`a tózimdi bolmasa, kádingi mailarsyz suıyqtyqpen tazartıg`a bolady. Gidrofildi mai sýg`a tózimdi kosmetikany jaqsı eritedi. Sondyqtan ol quralmen BB-kremdi jýyg`a keńes beredi. Ony qurg`aq terige jeńil massaj qozg`alysymen jag`yńyz. Sodan keiin qoldaryńyzdy jyly sýmen sýlap, saısaqtaryńyzdyń kómegimen jeńil massaj jasaı alasyz. Uıqy aldyndag`y ýaqyt terińizdi tereń tazartı úshin óte qolaily. Sondyqtan 7-10 kúnde bir ret qosymsha tazartı jasaıg`a bolady: skrab, qabyrshaqtag`ysh qyshqyldary bar piling kremi nemese piling-skatka. Olar epidermistıń

jog`arg`y qabatyn ońai alyp tastaidy, osylaısha teri jasýshalaryn regeneratsııalaý protsesi júzege asady. Bul apta saıyng`y protsedýralar teriniń túsin teńestirýge, bezeýden jáne basqa da qyndyqtardan qutylyg`a kómektesedi.

2 kezeń-Toner

Tazartylg`annan keiin mindetti túrde betińizdi quramynda spirt joq tonikpen súrtińiz. Sizdiń terińizdiń pH tepe-teńdigin qalpyna keltirý úshin jumsaq tynyshtandyratyn quraldy qoldang`an jón.

3 kezeń-Essentsıa

Munda kútimniń nóldik kezeńi bastalady. Essentsıa terini odan ári qoldanýg`a daıyndaıdy jáne ony qabyldaıdy orta eseppen 30% -40% jaqsartady. Ol jeńil tekstýrag`a ie jáne emýlsıa men kremniń minsiz jumys jag`daıyn jasaı otyryp, terige tereń enedi. Osydan keiin, emýlsıa epidermistıń tereń qabattaryna áser etýi

múmkın. Jas teri nemese terini qalpyna keltiretin zattarg`a nazar aıdarý kerek, mysaly, quramynda ulý syg`yndysy bar ónimderdi qoldanýg`a keńes beremiz. Bul problemaly nemese sezimtal terige arnalg`an shynayı qutqarý quraly.

4 kezeń – Emýlsıa

Júiede negizgi ylg`aldandyratyn fýnktsıany kóteretin jeńil krem. Maily nemese aralas teri ieleri osy qadamg`a toqtaıg`a bolady, al eger sizdiń terińiz qurg`aq bolsa kremsiz bolmaıdy.

5 kezeń – Krem

Árine, bul jerde eń bastysy kremdi terińizdiń túrine qarai durys tańdaı kerek. 35 jyldan keiin teri qosymsha nazar aıdarıdy talap etetinin umytpańyz, sondyqtan keibir kosmetikalıq jeliler arıay quraldardy, mysaly, fillerlerdi ázirledi.

Sonymen káris arýlarynyń terini kúty júesi

Tańg`y:

Keshki:

1. Terini tazalaı: kóbik / jýy kremi. 1. Terini eki ret tazalaı: gidrofildi mai + jýyg`a arnalg`an kóbik (penka dlia ýmyvanııa).
2. Toner / mist 2. Massaj kremi (aptasynda 2-3 ret). Osy kezeńge túrli maskalar men pilingter jatady.
3. Serým / essentsıa 3. Toner / mist
4. Emýlsıa / sýt 4. Serým / essentsıa
5. Betke arnalg`an Krem + kóz aımag`yna arnalg`an krem 5. Emýlsıa / sýt
6. Qosymsha kútim: baza/starter / makııaj astar.
6. Betke arnalg`an Krem + kóz aımag`yna arnalg`an krem
7. Makııaj 7. Qosymsha kútim quraldary (mysaly, túngi maskalar)

Jalpy, barlyg`y 5 kezeń jáne sizdiń terińiz jastyq pen sulýlyqqa toly! Áserin baiqaı úshin biraz shydamdylyq pen nusqaıardy oryndaı kerek.



Sulý bolam deseñiz...



Sulý bolam deseñiz, óziñizdi syrtyńyzdan ǵana kútip qoımaı, jalpy densaýlyg`yńyzg`a kúndelikti kútim kórsetiñiz. g`alymdardyń aıtýynsha myna tag`am túrleri densaýlyqqa kómek bergenimen qatar, sizdiń syrt kelbetiñizge tikelei áser ete alady eken.

Tegis, taza teri. Asqabaq shemishkeleri bezeýlerden taptyrmas daýa bolady eken. Bezeýlermen kúresetin jandardyń ag`zasynda myrsh jetispeidi, al bunda ol jetkilikti mólsherde bolady. Kúnine bir as qasyq asqabaq shemishkesin jeseñiz, teriñizdin tegistenip, bezeýler ketkendigin birden baıqaisyz.

Kóz saýlyg`y. Shpinat kózge jáne kóz mańyndag`y terige erekshe áser etedi alady. Shpinatta lıytein – kózdi qorg`aityn qosylys kóp mólsherde bolady. Kúndelikti bir tárelke shpinat salatyn jep ne bir staqan shpinat shyrynyn ishiñiz.

Appaq tister. Almany súrip jeitin jandar tis qyndyqtaryna shaldyqpaı, sonymen qatar olardyń tisteri basqalarg`a qarag`anda ag`yraq bolady eken. Shái ne kofe tisiñizde qaldyratyn qaralyqty almanyń shyrynındag`y qyshqyldar keremet tazalady.

Saý shash. Jasyıl burshaq kremniıge óte baı. Al g`alymdardyń aıtýynsha quramynda kremniı kóp kezdesetin tag`amdar shash ósimin qalypqa keltirip, shashty baıqarlyqtai berik, myqty qylady eken.

Jas bolyp qalyńyz. Kıvı – S dárýmeniniń qainar kózi. Sonymen qatar ol kolagen atty zattyń sintezdelýine kómektesedi, al kolagen erte qartaiýdan saqtaityn g`ajap qosylys. Teriñizde neg`urlym kóp kolagen bolsa, sog`urlym ol jas kórinedi. Endeshe kıvı kúndelikti ústeliñizden oryn alsyn.

Berik tyrnaq. Tyrnaq tap bolatyn qyndyqtardan qorg`anys jumyrtqa eken. Aptasyna birneshe jumyrtqa jegenderdiń tyrnaqtary berik bolady. Onyń quramynda biotin atty V tobynyń belsendi dárýmenderiniń biri bar, ol maı qyshqyldarynyń jańarýyn qadag`alady.

Osy tag`amdar kúndelikti jep, nátijesin kútiñiz!

aqparat https://massaget.kz/layfstayl/Zdorove/2820/saitynan_alyndy



Журналистика мамандығы 4 курс студенттерінің
«Фотожурналистика» пәні бойынша ұйымдастырған
фотокөрмесінің бүгінгі тақырыбы:

Ұрпақ Жалғастығы



Георгий Говоров



Анастасия Леонова



Азамат Қамза



Ксения Лебедева



Екатерина Кизьева

Спорт – денсаулық кепілі



Инженерлік техникалық факультетінде салауатты өмір салтын насихаттау, студенттерді спортпен шұғылдануға тарту мақсатында спорт түрлерінен «Денсаулық күні» атты жарыс өтті. Аталмыш сайыста бақтарын сынауға студенттер, магистранттар, докторанттар мен оқытушылар атсалысып,

және технология): Ибраимов Куат, Кукаев Ахмет, Бисенов Саят, Прищепа Евгений.

Волейболдан 1 орынды «Энергетика-физика» командасы иеленсе, 2 орынды «Транспортники» тобы қанжығасына байлады, 3 орынды «Аграрлық техника және технология»



жастар жылының ашылуында бір сергіп қалды.

Іс-шараның ұйымдастырылуы мен өткізілуіне ИТФ деканның спорттық жұмыстар жөніндегі орынбасары Шагабудинов Р. және өзге де оқытушылар жауапты болып, жарыс жоғары деңгейде өтті. Волейбол, дартс, стритбол және үстел теннисінен жарыс алаңына шыққан қатысушылар, мынадай нәтиже көрсетті. Стритболдан 1 орын «Булус» команда (Аграрлық техника және технология мамандығы): Шерер Альберт, Айтжанов Али, Муратов Фархат, Кравченко Руслан; 2 орын «Динамо» командасы (Технологиялық машиналар және жабдықтар): Кайыржанов Руслан, Онғарбек Досжан, Өтегенов Жандос, Шаяхметов Кайрат; 3 орын «Сұңқар» командасы (Транспорт, транспорттық техника



командасы иемденді. Үстел теннисінен 1 орын Сейдікәрім Жанәділқожа, 2 орын Мухаметжанов Руслан және 3 орын Дядюченко Александрға бұйырды. Дартстан бас жүлде Өтегенов Жандос, күміс жүлде Серікбай Төрехан, қола жүлдеге Жаңабай Алмат жайғасты.

Осылайша факультетішілік шара жаксы көңіл-күймен тәмамдалып, жеңімпаздар мақтау қағазы және сыйлықтармен марапатталды.

Әсел БЕКЕЕВА,
ИТФ деканның тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары



ДЕНІМ САУ БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ...



Шынықсың шымыр боласың. Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде ұстаздар арасында спорттың тоғыз түрінен сайыстар өткізілді. Олар волейбол, баскетбол, стритбол, футбол, дойбы, дартс, үстел теннисі, винтовкадан ату және шаңғы жарысы.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша оқу ордамыздың қызметкерлерін сергіту және денсаулықтарын нығайту мақсатында өткізіліп отырады. Биыл да жарыс ҚМУ 2,3 корпусарында және ҚМУ "Сұңқар" спорт клубында 9 қаңтардан бастап 24 қаңтар аралығында өтті.

Додада Инженерлік-техникалық факультеті, Гуманитарлық-әлеуметтік факультеті, Аграрлық-биологиялық факультеті, Заң факультеті, Экономикалық факультеті, Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің ұстаздары бақтарын сынады.

Жеңімпаздарды Қостанай мемлекеттік университетінің басшылары алғыс хатпен құттықтап, қаржылай сыйлықтар табыс етті.

Сайыстың қорытындысы мынадай:

Волейболдан ерлер арасында:

- 1 орын – ӘБК командасы,
- 2 орын – АБФ және ЭФ командалары
- 3 орын – АТФ командасы.

Әйелдер арасында:

- 1 орын – ЭФ командасы
- 2 орын – АТФ командасы
- 3 орын – Тіркеу бөлімінің командасы .

Үстел теннисінен ерлер арасында:

- 1 орын – Салыков Булат Рахимжанович,
- 2 орын – Шаяхметов Қайрат Канатбекович,
- 3 орын – Кусаинов Габит Болатканович,

Әйелдер арасында:

- 1 орын – Смолякова Валентина Леонидовна,
- 2 орын – Баяхметова Айсулу Ахметбековна,
- 3 орын – Муратова Диана Даутовна,

Дойбыдан ерлер арасында:

- 1 орын – Бондаренко Юрий Яковлевич,
- 2 орын – Бегалин Алибек Шакиржанович,
- 3 орын – Кусаинов Габит Болатканович,

Әйелдер арасында:

- 1 орын – Мукашева Роза Айромбаевна,
- 2 орын – Қазова Айнұр Қойшықызы,
- 3 орын – Аймуханова Дарина Темировна, және Нурахметова Гульнара Серикбаевна,

Баскетбол

- 1 орын – ӘБК командасы
- 2 орын – ИТФ командасы
- 3 орын – ЗФ командасы

Стритбол

- 1 орын – АБФ командасы
- 2 орын – Тіркеу бөлімінің командасы ;
- 3 орын – ӘБК командасы.

Дартстан ерлер арасында:

- 1 орын – Жикеев Азамат Айтпаевич,
- 2 орын – Бегалин Алибек Шакиржанович,
- 3 орын – Ерiш Нұрбол Амантайұлы,

Әйелдер арасында:

- 1 орын – Селунская Любовь Степановна,
- 2 орын – Балтабекова Айсулу Таскужановна,
- 3 орын – Кенбеисова Майрагуль Алжагановна,

Оразғали НУРҒАЛИЕВ

Журналистика мамандығының 1 курс студенті